

## Денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттарын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2009 жылғы 26 қарашадағы N 791 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2009 жылғы 30 қарашада Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5945 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-305/2020 бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 21.12.2020 № ДСМ-305/2020 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің 32-бабының 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес және денсаулық сақтау ұйымдарының қызметкерлерінің лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарын регламенттеуді реттеу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Ғылым және адами ресурстар департаменті (Н.Қ.Хамзина) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуін қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Әкімшілік-құқықтық жұмыс департаменті (Бисмильдин Ф.Б.) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін оның заңнамада белгіленген тәртіппен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі Е.А. Біртановқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Министрдің міндетін атқарушы*

*Б. Садықов*

"Келісілді"

Қазақстан Республикасы

Еңбек және халықты

әлеуметтік қорғау министрі  
\_\_\_\_\_ Г. Әбдіқалықова  
2009 жылғы 30 қараша

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрінің  
2009 жылғы 26 қарашадағы  
№ 791 бұйрығымен бекітілген

## **Денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамалары**

**Ескерту. Біліктілік сипаттамалары жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2012.08.24 № 588 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.**

Денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамалары (бұдан әрі - Сипаттамалар) денсаулық сақтау ұйымдарының құрылымдық бөлімшелері туралы ережені, денсаулық сақтау қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын әзірлеудің, кадрларды таңдаудың және орналастырудың, оларды пайдаланудың тиімділігін бақылауды жүзеге асырудың, денсаулық сақтау ұйымдары қызметкерлерінің атқарып отырған лауазымдарына сәйкестігіне аттестация жүргізудің негізі болып табылады.

Бухгалтер, экономист, заңгер, кадр жөніндегі маман, аудармашы, психолог, емдік дене шынықтыру жөніндегі нұсқаушы және өзге де мамандардың лауазымдарының біліктілік сипаттамалары барлық қызмет саласына ортақ мемлекеттік мекемелердің және қазыналық кәсіпорындардың мамандарының жеке лауазымдарының біліктілік сипаттамаларында анықталған.

Әр лауазымның біліктілік сипаттамалары мынадай үш бөлімнен тұрады: "Лауазымдық міндеттері", "Білуі керек", "Біліктілікке қойылатын талаптар".

### **1-бөлім. Денсаулық сақтау ұйымдары**

**Ескерту. 1-бөлімнің тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 19.12.2018 № ҚР ДСМ-43 (алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

#### **1-параграф. Басшылардың лауазымдары**

## **1-кіші бөлім. "Республикалық, облыстық, өңірлік және қалалық маңызы бар денсаулық сақтау ұйымының басшысы (бас директор, директор)**

Ескерту. 1-кіші бөлімнің тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 19.12.2018 № ҚР ДСМ-43 (алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) б ұ й р ы ғ ы м е н .

Ескерту. 1-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 26.07.2013 № 436 (ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.06.2016 № 500 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.12.2018 № ҚР ДСМ-43 (алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.04.2019 № ҚР ДСМ-29 (алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.12.2019 № ҚР ДСМ-150 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Лауазымдық міндеттері. Денсаулық сақтау (санитариялық-эпидемиологиялық қызмет) ұйымдарындағы өндірістік, шаруашылық және қаржы-экономикалық қызметтерді басқарады, қабылданған шешім, мүліктің сақталуы және тиімді пайдаланылуы, сондай-ақ оның қызметінің қаржылық-шаруашылық нәтижелері үшін толық жауап береді. Ұйым қызметінің саясатын, стратегиясын және оны іске асыру тетіктерін анықтайды. Мемлекеттік стандарттарға сай болуы үшін көрсетілетін диагностикалық, емдеу және профилактикалық көмектің тиімділігі мен сапасын арттыруға, көрсетілетін қызметтердің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған қызметкерлер жұмысын ұйымдастырудың нысаны мен әдістерін жаңадан енгізуді және қолданыстағыларын жетілдіруді қамтамасыз етеді. Ұйымның құрылымдық бөлімшелерінің тиімді өзара іс-қимылдарын қамтамасыз етеді, олардың іс-қимылдарын көрсетілетін медициналық қызметтерді дамытуға және жетілдіруге бағыттайды. Білікті кадрлардың өз кәсіптік білімдері мен тәжірибелерін ұтымды пайдалануына, өмір мен денсаулыққа қауіпсіз еңбек жағдайын құруға, ұжымда қолайлы психологиялық ортаны қалыптастыру үшін шаралар қабылдайды. Ұйым қызметінің талдауы және оның жұмыс көрсеткіштерінің бағасы негізінде ұйым жұмысының нысаны мен әдісін жақсартуға арналған қажетті шараларды қабылдайды. Әлеуметтік әріптестік принциптерінің негізінде ұжымдық шартты әзірлеуді, жасасуды және орындауды қамтамасыз етеді, қызметкерлердің еңбекке ынтасын, бастамасын және белсенділігін дамытуға ықпал етеді. Санитариялық-эпидемиологиялық жағдайды зерделеу және бағалау жөніндегі жұмыстарды үйлестіреді, адам денсаулығына қолайсыз әсер ететін басым

факторларды анықтайды. Санитариялық-эпидемиологиялық жағдайды жақсартуға арналған пәрменді шараларды қабылдайды. Гигиеналық және эпидемияға қарсы іс-шараларды жүргізуді, санитариялық ережелер мен нормаларды және гигиеналық нормативтерді сақтауды оперативті және зертханалық-аспаптық бақылау мен қадағалауды ұйымдастырады. Ұйым қызметінде, сондай-ақ қаржылық-шаруашылық басқару үшін құқықтық құралдарды пайдалану, шарттық және қаржылық тәртіпті бекіту, әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу мәселелеріне қатысты заңдылықты сақтауды қамтамасыз етеді. Қызметкерлерді жұмысқа қабылдау мен жұмыстан шығаруды жүзеге асырады. Жеке және заңды тұлғалармен шарт жасасады, мәміле жасайды. Өз құзырына қатысты мәселелер бойынша барлық қызметкерлер үшін міндетті өкімдер мен бұйрықтар шығарады. Мемлекеттік органдарда, ұйымдарда және сотта ұйымның өкілі болады. Медициналық этиканың орындалуын, ішкі еңбек тәртібінің, құралдарды, жабдықтарды және тетіктерді техникалық пайдаланудың талаптарын, еңбек қауіпсіздігі мен қорғалуы, өрт қауіпсіздігі ережелерінің және санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалардың сақталуын қамтамасыз етеді. Ұйымның уақытында есеп беруін қамтамасыз етеді.

"Білуі керек: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, Қазақстан Республикасының "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексін, Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңдарын, денсаулық сақтау мәселелеріне арналған нормативтік құқықтық актілерді, халық денсаулығы жағдайының статистикасын, халық денсаулығының жағдайын сипаттайтын өлшемдер мен көрсеткіштерді, медициналық қызметтер нарығының конъюнктурасын, отандық және шетелдік медицинаның ғылыми жетістіктерін, денсаулық сақтауды басқару жүйесі мен денсаулық сақтауды ұйымдастырудың теориялық негіздерін, халық үшін санитариялық ағартуды, гигиеналық тәрбиелеуді және салауатты өмір салтын насихаттауды ұйымдастыруды, адамның өмір сүру ортасының факторларын, денсаулық сақтау ұйымдарының жоспарлық-экономикалық және қаржылық қызметтерінің негіздерін, қызметкерлердің еңбекақысын төлеу жүйесінің негіздерін, еңбек заңнамасы, еңбекті қорғаудың, қауіпсіздік техникасының, өндірістік санитарияның және өрт қауіпсіздігінің ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

республикалық маңызы бар денсаулық сақтау ұйымы басшысының (бас директор/директор):

медицина саласындағы жоғары білімінің (санитариялық-эпидемиологиялық қызметті ұйымдастыру үшін – бейін бойынша);

"Қоғамдық денсаулық сақтау"/ "Денсаулық сақтау менеджменті" мамандықтары бойынша жоғары/бірінші біліктілік санатының болуы немесе экономика/қаржы және кредит/құқық/бизнес әкімшілендіру саласында екінші жоғары білімінің болуы немесе "Қоғамдық денсаулық сақтау"/ "Денсаулық сақтау менеджменті"/ "Менеджмент" немесе "Медицина" (2011 жылға дейін ғылыми-педагогикалық магистратурада оқуды аяқтаған адамдар үшін)/ "Бизнес әкімшілендіру", "Іскерлік әкімшілендіру", "Экономика", "Қаржы және кредит" мамандықтары бойынша магистр дәрежесінің болуы немесе ғылыми дәрежесінің/ PhD докторы дәрежесінің болуы;

Денсаулық сақтау саласындағы басшылық лауазымдарда кемінде 5 жыл еңбек өтілінің болуы;

не

экономика/қаржы және кредит/құқық/бизнес әкімшілендіру саласында жоғары білімінің және "Қоғамдық денсаулық сақтау" немесе "Денсаулық сақтау менеджменті" мамандықтары бойынша магистр дәрежесінің болуы;

денсаулық сақтау саласында басшылық лауазымдарда кемінде 5 жыл еңбек өтілінің болуы;

дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы республикалық маңызы бар ұйымдардың басшысы (бас директор/директор) үшін :

медицина саласында жоғары білімінің;

"Қоғамдық денсаулық сақтау"/ "Денсаулық сақтау менеджменті"/ "Фармация" мамандықтары бойынша жоғары/бірінші біліктілік санатының болуы немесе экономика/қаржы және кредит/құқық/бизнес әкімшілендіру саласында екінші жоғары білімінің немесе "Қоғамдық денсаулық сақтау", "Денсаулық сақтау менеджменті", "Фармация" "Менеджмент" немесе "Медицина" (2011 жылға дейін ғылыми-педагогикалық магистратурада оқуын аяқтаған адамдар үшін)/ "Бизнес әкімшілендіру", "Іскерлік әкімшілендіру", "Экономика", "Қаржы және кредит" мамандықтары бойынша магистр дәрежесінің болуы немесе ғылыми дәрежесінің/ PhD докторы дәрежесінің болуы;

басшылық лауазымдарда кемінде 5 жыл еңбек өтілінің болуы;

денсаулық сақтау саласындағы ақпараттандыруды жүзеге асыратын республикалық маңызы бар ұйымының басшысы (бас директор/директор):

медицина немесе ақпараттық жүйелер мен технологиялар/есептеу техникасы мен бағдарламалық қамтамасыз ету саласындағы жоғары білімінің;

экономика/қаржы және кредит/құқық/бизнес әкімшілендіру саласында екінші жоғары білімінің немесе "Қоғамдық денсаулық сақтау", "Денсаулық сақтау

менеджменті", "Менеджмент" немесе "Медицина" (2011 жылға дейін ғылыми-педагогикалық магистратурада оқуын аяқтаған адамдар үшін)/ "Бизнес әкімшілендіру", "Іскерлік әкімшілендіру", "Экономика", "Қаржы және несие", "Ақпараттық жүйелер", "Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету", "Инженерлік ақпараттық жүйелер және коммуникациялар" мамандықтары бойынша магистр дәрежесінің болуы немесе ғылыми дәрежесінің/ PhD докторы дәрежесінің болуы;

басшылық лауазымдарда кемінде 5 жыл еңбек өтілінің болуы;

не

экономика/қаржы және кредит/құқық/бизнес әкімшілендіру саласында жоғары білімінің және "Қоғамдық денсаулық сақтау" немесе "Денсаулық сақтау менеджменті", "Бизнес әкімшілендіру", "Іскерлік әкімшілендіру", "Экономика", "Қаржы және кредит", "Ақпараттық жүйелер", "Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету", "Инженерлік ақпараттық жүйелер және коммуникациялар" мамандықтары бойынша магистр дәрежесінің болуы;

басшылық лауазымдарда кемінде 5 жыл еңбек өтілінің болуы;

облыстық маңызы бар денсаулық сақтау ұйымдарының басшысы (директор/ бас дәрігер):

медицина саласында жоғары білімінің (санитариялық-эпидемиологиялық қызмет ұйымы үшін - бейін бойынша);

"Қоғамдық денсаулық сақтау"/ "Денсаулық сақтау менеджменті" мамандықтары бойынша жоғары/бірінші біліктілік санатының болуы немесе экономика/қаржы және кредит/құқық/бизнес әкімшілендіру саласында екінші жоғары білімінің немесе "Қоғамдық денсаулық сақтау", "Денсаулық сақтау менеджменті", "Менеджмент" немесе "Медицина" (2011 жылға дейін ғылыми-педагогикалық магистратурада оқуын аяқтаған адамдар үшін)/ "Бизнес әкімшілендіру", "Іскерлік әкімшілендіру", "Экономика", "Қаржы және кредит" мамандықтары бойынша магистр дәрежесінің болуы немесе ғылыми дәрежесінің/ PhD докторы дәрежесінің болуы;

денсаулық сақтау саласында басшылық лауазымдарда кемінде 3 жыл еңбек өтілінің болуы;

не

экономика/қаржы және кредит/құқық/бизнес әкімшілендіру саласында жоғары білімінің және "Қоғамдық денсаулық сақтау" немесе "Денсаулық сақтау менеджменті" мамандықтары бойынша магистр дәрежесінің болуы;

денсаулық сақтау саласында басшылық лауазымдарда кемінде 3 жыл еңбек өтілінің болуы;

аудандық және қалалық маңызы бар денсаулық сақтау ұйымының басшысы ( директор/бас дәрігер) үшін:

медицина саласында жоғары білімінің (санитариялық-эпидемиологиялық қызмет ұйымдары үшін - бейін бойынша);

"Қоғамдық денсаулық сақтау"/ "Денсаулық сақтау менеджменті" мамандықтары бойынша жоғары/бірінші біліктілік санатының болуы немесе экономика/қаржы және кредит/құқық/бизнес әкімшілендіру саласында екінші жоғары білімінің немесе "Қоғамдық денсаулық сақтау", "Денсаулық сақтау менеджменті", "Менеджмент" немесе "Медицина" (2011 жылға дейін ғылыми-педагогикалық магистратурада оқуын аяқтаған адамдар үшін)/ "Бизнес әкімшілендіру", "Іскерлік әкімшілендіру", "Экономика", "Қаржы және кредит" мамандықтары бойынша магистр дәрежесінің болуы немесе ғылыми дәрежесінің/ PhD докторы дәрежесінің болуы;

денсаулық сақтау саласында басшылық лауазымдарда кемінде 2 жыл еңбек өтілінің болуы;

не

экономика/қаржы және кредит/құқық/бизнес әкімшілендіру саласында жоғары білімінің және "Қоғамдық денсаулық сақтау" немесе "Денсаулық сақтау менеджменті" мамандықтары бойынша магистр дәрежесінің болуы;

денсаулық сақтау саласында басшылық лауазымдарда кемінде 2 жыл еңбек өтілінің болуы.

## **2-кіші бөлім. Денсаулық сақтау ұйымы басшысының (бас директордың/ директордың) (медицина бөлімі жөніндегі, медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасын бақылау және стратегиялық дамыту жөніндегі) орынбасары**

Ескерту. 2-кіші бөлімнің тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 11.04.2019 № ҚР ДСМ-29 (алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. 2-кіші бөлім жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 19.12.2018 № ҚР ДСМ-43 (алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 11.04.2019 № ҚР ДСМ-29 (алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.12.2019 № ҚР ДСМ-150 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Лауазымдық міндеттері. Денсаулық сақтау ұйымдарының өзіне бағынышты құрылымдық бөлімшелерінің қызметін басқаруды қамтамасыз етеді, олардың жұмысын және тиімді өзара іс-қимылдарын ұйымдастырады. Ұжымның халыққа

уақытылы және білікті медициналық көмек көрсету жөніндегі жұмысын, білім беру және ғылыми қызметін ұйымдастырады. Ұйымның емдеу-диагностикалық қызметін жоспарлау жөніндегі ұйымдастырушылық жұмысын жүзеге асырады. Көрсетілген медициналық қызметтің сапасын жүйелі түрде бақылауды жүзеге асырады. Персоналдық медициналық ғылым мен техниканың заманауи жетістіктеріне сәйкес көрсетілетін диагностикалық, емдеу және профилактикалық көмектің тиімділігі мен сапасын одан әрі арттыруға бағытталған жұмысын ұйымдастырудың жаңа нысандары мен әдістерін енгізуді және қолданыстағыларын жетілдіруді қамтамасыз етеді. Көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруды, сондай-ақ олардың мемлекеттік стандарттарға сәйкестегін қамтамасыз етеді. Ұйымның емдеу қызметін талдауды жүзеге асыру, санитариялық-эпидемиологиялық жағдайды зерделеу және бағалау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады, адам денсаулығына қолайсыз әсер ететін басым факторларды анықтайды. Медициналық техниканың ұтымды қолданылуын қамтамасыз етеді. Емдеу және профилактикалық көмекті, санитариялық-эпидемиологиялық жағдайды жақсарту бойынша пәрменді шаралар қабылдайды. Гигиеналық және эпидемияға қарсы іс-шаралардың жүргізілуін, санитариялық қағидалар мен нормалардың және гигиеналық нормативтердің сақталуын жедел және зертханалық-аспаптық бақылау мен қадағалауды қамтамасыз етеді. Халықты санитариялық-гигиеналық тәрбиелеу жөніндегі іс-шараларды жоспарлайды және жүргізілуін қамтамасыз етеді. Медициналық кадрларды ұтымды орналастыру мен еңбегін ұйымдастыруды, олардың кәсіптік білімдері мен тәжірибелерін дамытуды қамтамасыз етеді. Статистикалық есеп жүргізуді және ұйым қызметі туралы есеп беруді ұйымдастырады. Тиімді басқару бағдарламасын әзірлеуге қатысады, ол бәсекеге қабілеттігін арттыру мен дамыту жөніндегі нақты шараларды қамтиды; қызметті дамыту үдерісін бағалау мен мониторингілеу нәтижелері бойынша менеджмент сапасын бағалауды қамтамасыз етеді; әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерін талдайды, оның бәсекеге қабілеттілігіне салыстырмалы талдау жүргізеді; медициналық ұйымның стратегиясын таңдайды және даму басымдықтарын айқындайды, мақсатқа жету әдістерін анықтайды, мақсаттың таңдалуын негіздейді; мақсатқа жеткізу құралдарын айқындайды, ұйымдағы стратегиялық жоспарлауды ұйымдастыруға қатысады; медициналық ұйымның инновациялық және инвестициялық қызметін, ұйымның одан әрі дамуымен байланысты жарнамалық стратегиясын әзірлеуге қатысады; ұйымның құрылымдық бөлімшелерінің дамыту жоспарының стратегиялық мақсаттарын, міндеттері мен іс-шараларының орындалуын мониторингілеу жөніндегі қызметті ұйымдастырады; ұйымның Жылдық операциялық жоспарының, Даму



жоспарының және Даму стратегиясының (стратегиялық жоспар) орындалуы туралы есептерді қалыптастыру жөніндегі қызметті одан әрі басшыға ұсыну үшін дамытудың одан әрі перспективалары бойынша ұсыныстар енгізе отырып, ұйымдастырады; басшылыққа ұйымды стратегиялық дамыту мәселелері бойынша басқарушылық шешімдердің жобасын ұсынады; кадрлық саясаты қалыптастыруға және жүргізуге, персоналды басқаруға, дамытуға және еңбек қатынастарын реттеуге қатысады. Өмір мен денсаулыққа қауіпсіз және қолайлы еңбек жағдайын жасайды, ұжымда қолайлы психологиялық ахуал қалыптастырады. Медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың перспективалық жоспарын әзірлейді. Өз құзыры шегінде мемлекеттік органдарда, ұйымдарда және сотта ұйымның өкілі болады. Еңбек тәртібінің сақталуын қамтамасыз етеді, қызметкерлердің еңбекке ынтасын, бастамасын және белсенділігін, медициналық этиканы дамытуды, ішкі еңбек тәртібінің, құралдарды, жабдықтарды техникалық пайдалану талаптарының орындалуына, өрт қауіпсіздігі мен қауіпсіздік және еңбек қорғауды, санитариялық-эпидемиологиялық режимнің сақталуын қамтамасыз етеді.

Білуі тиіс: 1995 жылы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі, 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексі, Қазақстан Республикасының "Бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру туралы" 2007 жылғы 28 ақпандағы, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" 2015 жылғы 18 қарашадағы, "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" 1997 жылғы 11 шілдедегі заңдары, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 10 наурыздағы № 61 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2017-2021 жылдарға арналған стратегиялық жоспары, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы "Қазақстан-2050" Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" атты Қазақстан халқына Жолдауы, ұйымның қаржы-шаруашылық қызметі, ұйымды басқарудың экономикалық тәсілдері, жоспарлы жұмысты ұйымдастыру, әлеуметтік гигиенаның теориялық негіздері, денсаулық сақтаудағы басқару жүйесі, медициналық қызметтер нарығының конъюнктурасы, еңбек ақы төлеу жүйесі және материалдық ынталандыру нысандары, еңбек заңнамасы, қауіпсіздік және еңбекті қорғау нормалары мен ережелері, өндірістік санитария және өртке қарсы қауіпсіздік мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

медицина саласындағы жоғары білім (санитариялық-эпидемиологиялық қызметті ұйымдастыру үшін – бейіні бойынша);

"Қоғамдық денсаулық сақтау"/ "Денсаулық сақтау менеджменті" мамандықтары бойынша жоғары/бірінші біліктілік санатының болуы немесе экономика/қаржы және кредит/құқық/бизнес әкімшілендіру саласында екінші жоғары білімінің немесе "Қоғамдық денсаулық сақтау", "Денсаулық сақтау менеджменті", "Менеджмент" немесе "Медицина" (2011 жылға дейін ғылыми-педагогикалық магистратурада оқуын аяқтаған адамдар үшін)/ "Бизнес әкімшілендіру", "Іскерлік әкімшілендіру", "Экономика", "Қаржы және кредит" мамандықтары бойынша магистр дәрежесінің немесе ғылыми дәрежесінің/ PhD докторы дәрежесінің болуы;

Республикалық, облыстық маңызы бар (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ұйымдарда денсаулық сақтау саласындағы басшылық лауазымдарда жұмыс өтілі кемінде - 3 жыл, аудандық және қалалық маңызы бар ұйымдарда кемінде – 2 жыл;

дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар айналысы саласындағы денсаулық сақтау ұйымы басшысының орынбасары:

жоғары фармацевтикалық білімінің;

"Қоғамдық денсаулық сақтау"/ "Денсаулық сақтау менеджменті" мамандықтары бойынша жоғары/бірінші біліктілік санатының болуы немесе экономика/қаржы және кредит/құқық/бизнес әкімшілендіру саласында екінші жоғары білімінің немесе "Қоғамдық денсаулық сақтау", "Денсаулық сақтау менеджменті", "Менеджмент" немесе "Медицина" (2011 жылға дейін ғылыми-педагогикалық магистратурада оқуын аяқтаған адамдар үшін)/ "Бизнес әкімшілендіру", "Іскерлік әкімшілендіру", "Экономика", "Қаржы және кредит" мамандықтары бойынша магистр дәрежесінің болуы немесе ғылыми дәрежесінің/ PhD докторы дәрежесінің болуы;

денсаулық сақтау саласында басшылық лауазымдарда кемінде 3 жыл еңбек өтілі;

денсаулық сақтау саласындағы ақпараттандыруды жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымы басшысының орынбасары:

ақпараттық жүйелер мен технологиялар/есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету саласындағы жоғары білімінің;

экономика/қаржы және кредит/құқық/бизнес әкімшілендіру саласында екінші жоғары білімінің немесе "Қоғамдық денсаулық сақтау", "Денсаулық сақтау менеджменті", "Менеджмент" немесе "Медицина" (2011 жылға дейін ғылыми-педагогикалық магистратурада оқуын аяқтаған адамдар үшін)/ "Ақпараттық жүйелер", "Бизнес ақпараттық жүйелер" "Бизнес әкімшілендіру", "Іскерлік әкімшілендіру", "Экономика", "Қаржы және несие" мамандықтары

бойынша магистр дәрежесінің болуы немесе ғылыми дәрежесінің/ PhD докторы дәрежесінің болуы;

денсаулық сақтау саласында басшылық лауазымдарда кемінде 2 жыл еңбек өтілі.

### **3-кіші бөлім. Денсаулық сақтау ұйымы басшысының (бас директор/ директор) экономикалық және әкімшілік – шаруашылықты қамтамасыз ету жөніндегі орынбасары**

Ескерту. 3-кіші бөлімнің тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 11.04.2019 № ҚР ДСМ-29 (алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. 3-кіші бөлім жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 19.12.2018 № ҚР ДСМ-43 (алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 11.04.2019 № ҚР ДСМ-29 (алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Лауазымдық міндеттері.

Ұйымның экономикалық және әкімшілік-шаруашылық қызметін ұйымдастыруды және жетілдіруді, ұйымның барлық бөлімшелерінің қызметтің перспективалық жоспарларын құру, оның негізіне алынған қажетті негіздемелері мен есептеулері бар жоспарларды әзірлеу жөніндегі қызметтеріне, сондай-ақ қаржы қызметін жетілдіру жөніндегі ұйымдастырушылық-техникалық іс-шараларына әдістемелік басшылық ету мен үйлестіруді жүзеге асырады. Қаржылық тәртіпті сақтауды, жоспарлы тапсырмалардың орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді, кешенді экономикалық талдау жүргізуді және ұйымның қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелерін бағалауды ұйымдастырады. Ұйымның құрылымдық бөлімшелерінің жұмысын экономикалық жоспарлау бойынша әдістемелік материалдарды әзірлеуді, ұйымның әкімшілік-шаруашылық қызметінің нәтижелерін бағалауға кешенді талдау жүргізуді ұйымдастырады. Ұйымның материалдық, еңбек ресурстарын үнемдеу режимін қатаң сақтауды қамтамасыз етеді, ұйымның еңбек тиімділігін, шаруашылық дербестігін арттыруға бағытталған ұсыныстарды енгізеді. Ұйымда қолданылатын жоспарлық, есепке алу және есеп беру құжаттарын жүргізуді және уақтылы ұсынуды қамтамасыз етеді, ұйымның еңбек тиімділігін, қаржылық-шаруашылық дербестігін арттыруға бағытталған ұсыныстарды дайындайды. Өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдарда, ұйымдарда және сотта ұйымның өкілі болады. Ішкі шаруашылық резервтерді пайдалану,

аттестация жүргізу мен жұмыс орындарын оңтайландыру бойынша іс-шаралар әзірлейді. Қаржы құрылымындағы мамандардың біліктілігін арттырудың перспективалық жоспарын әзірлейді. Ұйымның қаржы-шаруашылық қызметі бойынша есеп жүргізуді және уақтылы ұсынуды, еңбек тәртібін, ішкі еңбек тәртібінің, өртке қарсы қауіпсіздік және еңбек қауіпсіздігі мен қорғау нормаларын, санитариялық-эпидемиологиялық режимді сақтауды талаптарын қамтамасыз етеді.

Білу тиіс: 1995 жылы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі, 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексі, Қазақстан Республикасының "Бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру туралы" 2007 жылғы 28 ақпандағы, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" 2015 жылғы 18 қарашадағы, "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" 1997 жылғы 11 шілдедегі заңдары, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 10 наурыздағы № 61 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2017-2021 жылдарға арналған стратегиялық жоспары, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы "Қазақстан-2050" Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" атты Қазақстан халқына Жолдауы, ұйымның қаржы-шаруашылық қызметі, ұйымды басқарудың экономикалық тәсілдері, жоспарлы жұмысты ұйымдастыру, әлеуметтік гигиенаның теориялық негіздері, денсаулық сақтауды басқару жүйесі, медициналық қызметтер нарығының конъюнктурасы, еңбек ақы төлеу жүйесі және материалдық ынталандыру нысандары, еңбек заңнамасы, еңбек қауіпсіздігі және қорғау нормалары мен ережелері, нарығының санитария және өртке қарсы қауіпсіздік мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілері.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

жоғары экономика немесе қаржы білімінің, "Қоғамдық денсаулық сақтау", "Денсаулық сақтау менеджменті" мамандықтары бойынша магистр дәрежесінің болуы;

денсаулық сақтау саласында басшылық лауазымдарда кемінде 3 жыл еңбек өтілі;

не

жоғары экономика немесе қаржы білімінің;

денсаулық сақтау саласында басшылық лауазымдарда кемінде 5 жыл еңбек өтілі.

#### **4-кіші бөлімі. Әкімшілік-шаруашылық бөлім жөніндегі денсаулық сақтау ұйымы басшысының орынбасары**

Ескерту. 4-кіші бөлім алып тасталды – ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 19.12.2018 № ҚР ДСМ-43 (алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

#### **5-кіші бөлім. Денсаулық сақтау ұйымының құрылымдық бөлімшесінің басшысы (бас дәрігер, клиникалық (параклиникалық) бөлімшенің меңгерушісі, бөлім бастығы, аға медициналық мейіргер/ мейіргер ісі жөніндегі менеджер, санитариялық-эпидемиологиялық қызмет ұйымы зертханасының меңгерушісі, санитариялық-эпидемиологиялық қызмет ұйымы виварийінің меңгерушісі)**

Ескерту. 5-кіші бөлімнің тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 19.12.2018 № ҚР ДСМ-43 (алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. 5-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 13.06.2016 № 500 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.12.2018 № ҚР ДСМ-43 (алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Лауазымдық міндеттері. Ұйымның құрылымдық бөлімшесіне басшылықты жүзеге асырады. Халыққа уақытылы және сапалы медициналық және дәрілік көмек көрсетуге арналған құрылымдық бөлімшелердің жұмысын және тиімді өзара іс-қимылын ұйымдастырады. Қабылдаған шешімдері, мүліктің сақталуы және тиімді пайдаланылуы үшін жауап береді. Ұйым қызметінің саясатын, стратегиясын және оны іске асыру тетігін айқындайды. Ұйымды білікті кадрлармен қамтамасыз етуге, олардың кәсіптік білімдері мен тәжірибелерін ұтымды пайдалануға, өмір мен еңбекке қауіпсіз және қолайлы жағдайларды жасауға, ұжымда қолайлы психологиялық ортаны қалыптастыруға арналған шараларды қабылдайды. Қолданыстағы диагностикалық, емдеу және профилактикалық көмекті жетілдіруді және жаңа түрін енгізуді, көрсетілетін қызметтердің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруды, олардың мемлекеттік стандарттарға сай болуын қамтамасыз етеді. Санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды зерделеуге және бағалауға арналған жұмыстарды ұйымдастырады. Гигиеналық және эпидемияға қарсы шаралардың жүргізілуін, санитарлық ережелердің, нормалардың және гигиеналық

нормативтердің сақталуына оперативтік және зертханалық-аспаптық бақылауды ұйымдастырады. Дәрігер кадрлардың біліктілігін арттыруға, олардың кәсіптік білімдерін дамытуға арналған жұмысты қамтамасыз етеді. Денсаулық сақтау ұйымының құрылымдық бөлімшесінің қызметін талдауды жүзеге асырады және оның жұмыс көрсеткіштерінің бағасы негізінде ұйым жұмысының нысаны мен әдістерін жақсартуға арналған қажетті шараларды қабылдайды. Ішкі еңбек тәртібі талаптарының орындалуын, медициналық этиканың, еңбек қауіпсіздігі және еңбек қорғау, еңбек қауіпсіздігі мен қорғалуы, өрт қауіпсіздігі ережелерінің және санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалардың сақталуын қамтамасыз етеді. Есеп беруді ұсынуды қамтамасыз етеді.

Білуі керек: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексі, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңдарын, денсаулық, сақтау мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді, әлеуметтік гигиена мен денсаулық сақтауды ұйымдастыру негізін, емдеу-профилактикалық және санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің теориялық және ұйымдастыру негізін, халық денсаулығы жағдайының статистикасын, халық денсаулығының жағдайын сипаттайтын өлшемдер мен көрсеткіштерді, медициналық қызметтер нарығының конъюнктурасын, отандық және шетелдік медицинаның ғылыми жетістіктерін, науқастарды әлеуметтік және медициналық оңалтуды ұйымдастыруды, еңбек заңнамасы, еңбекті қорғаудың, қауіпсіздік техникасының, өндірістік санитарияның және өрт қауіпсіздігінің ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар: Жоғары медициналық білім ( санитариялық-эпидемиологиялық қызмет ұйымы үшін - бейіні бойынша), және/ немесе "Қоғамдық денсаулық сақтау" / "Денсаулық сақтау менеджменті" / " Медицина" мамандығы бойынша, MBA кәсіби білім беру бағдарламасы бойынша магистр дәрежесі / ғылыми дәрежесі / PhD докторы дәрежесінің (ғылыми ұйымдар үшін), мамандығы бойынша кемінде 3 жыл еңбек өтілінің болуы.

Аға дәрігер, клиникалық (параклиникалық) бөлімшенің меңгерушісі, бөлім бастығы медициналық (дәрігерлік практика) қызметін жүзеге асыру үшін – кәсіби құзыреттерінің болуы: клиникалық мамандықтар бойынша бірінші ( жоғары) біліктілік санаты бар дәрігердің біліктілігіне қойылатын жалпы талаптарға сәйкестігі (бейіні бойынша), клиникалық практикаға рұқсат беру үшін маман сертификаты.

Аға медициналық мейіргер/ мейіргер ісі жөніндегі менеджер – жұмыс өтіліне талаптар қоймай "Мейіргер ісі" мамандығы бойынша жоғары медициналық немесе техникалық және кәсіби (арнайы орта, арнайы кәсіптік), орта білімнен

кейінгі (қолданбалы бакалавриат) медициналық білімінің және бірінші (жоғары) біліктілік санатының болуы.

Қызметтің бейінді емес түрлері бөлімдерінің бастықтары үшін - бейіні бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі.

### **6-кіші бөлімі. Бас мейірбике (басшының мейірбике ісі жөніндегі орынбасары)**

Ескерту. 6-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 13.06.2016 № 500 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.12.2018 № ҚР ДСМ-43 (алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.12.2019 № ҚР ДСМ-150 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Лауазымдық міндеттері. Орта және кіші медициналық қызметкерлердің еңбектерін ұтымды ұйымдастыруды қамтамасыз етеді. Ұйымның орта және кіші медициналық қызметкерлерінің жұмысына жалпы басшылықты жүзеге асырады. Орта медициналық қызметкердің дәрігер тағайындауларын орындауын ұйымдастырады және бақылайды. Жұмыс кестесін құруды және орындауды, емдеу-қорғау тәртібінің ережелерін, инфекциялық бақылауды, тәртіпті сақтауды қамтамасыз етеді. Ұйымның орта және кіші медициналық қызметкерлерінің қызметтік және лауазымдық міндеттерін әзірледі, таңу материалдарын, медикаменттерді, соның ішінде улы, наркотикалық, психотроптық заттарды уақытында босатуды, бөлуді және сақтауды жүзеге асырады, олардың шығыстарын есепке алады. Аурухана бөлімшелерінің санитариялық-гигиеналық жағдайын, үй-жайдың (әсіресе, инфекциялық) уақытында және сапалы залалсыздандырылуын бақылайды. Мейірбикелік қызметкердің медициналық құжаттаманы сапалы жүргізуін, бақылауды жүзеге асырады. Орта және кіші қызметкердің біліктілігін арттырудың болашақтағы және ағымдық жоспарларын әзірлейді, мейірбикенің (мейіриенің), акушерлердің кәсіптік қызметтерін бағалайды, оларды біліктілік санатын алу үшін аттестациялауға ұсынады. Халыққа көрсетілетін медициналық көмек сапасын жетілдіруге, еңбекті ұйымдастыруды жақсартуға байланысты ұсыныстарды жасайды. Есеп берудің ұсынылуын, медициналық этиканың, еңбек қауіпсіздігі мен қорғалуы, өрт қауіпсіздігі ережелерінің және санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалардың сақталуын қамтамасыз етеді.

Білуі керек: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы"

Кодекcін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодекcін, Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңдарын, денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді, әлеуметтік гигиенаның теориялық және ұйымдастыру негізін, денсаулық сақтаудағы басқару жүйелерін, науқастарды әлеуметтік және медициналық оңалтуды ұйымдастыруды, халық денсаулығы жағдайының статистикасын, халық денсаулығының жағдайын сипаттайтын өлшемдер мен көрсеткіштерді, еңбек заңнамасы, еңбекті қорғаудың, қауіпсіздік техникасының, өндірістік санитарияның және өрт қауіпсіздігінің ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

"Мейіргер ісі" мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) білімнің болуы; денсаулық сақтау саласында кемінде 5 жыл еңбек өтілінің болуы;

немесе:

"Мейіргер ісі" мамандығы бойынша орта білімнен кейінгі (қолданбалы бакалавриат) білімі болуы; денсаулық сақтау саласында кемінде 1 жыл еңбек өтілінің болуы;

немесе:

"Мейіргер ісі" мамандығы бойынша жоғары медициналық білімінің (академиялық бакалавриат) білімі болуы; денсаулық сақтау саласында кемінде 1 жыл еңбек өтілінің болуы;

немесе:

"Мейіргер ісі" мамандығы бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білімі және еңбек өтілінің талаптарынсыз магистр дәрежесінің болуы білімі болуы; денсаулық сақтау саласында кемінде 1 жыл еңбек өтілінің болуы.

## **7-кіші бөлімі. Клиникалық (параклиникалық) бөлімшенің меңгерушісі**

**Ескерту. 7-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 13.06.2016 № 500 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Лауазымдық міндеттері. Ұйымның клиникалық (параклиникалық) бөлімшелеріне (бұдан әрі - бөлімше) басшылықты жүзеге асырады. Уақытында және сапалы медициналық көмек көрсетуге арналған бөлімше ұжымының жұмысын ұйымдастырады, ұжымының басқа бөлімшелерімен өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді. Бөлімше қызметіне талдауды жүзеге асырады және сонымен бірге бөлімше қызметін жақсартуға арналған шараларды қабылдайды. Ауруларды емдеудің жаңа нысандары мен әдістерін енгізуді және



қолданыстағыларын жетілдіруді қамтамасыз етеді. Бөлімшеге науқастарды диагностикалау мен емдеудің жаңа инновациялық технологияларын енгізеді. Дәрігерлерге (сондай-ақ науқастарға) диагностика мен емдеу жөнінде кеңестік көмекті жүзеге асырады. Дәрігермен бірге науқасты емдеудің тактикасын анықтайды. Бөлімшенің дәрігер, орта және кіші қызметкерлердің жұмысын бақылайды. Бөлімшені арнайы құралдармен қамтамасыз етуге арналған шараларды қабылдайды, олардың дұрыс пайдаланылуын бақылайды. Бөлімшенің медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға жағдай жасайды олардың кәсіптік білімдері мен тәжірибелерін ұтымды пайдалануға және дамытуға, сондай-ақ өмір мен денсаулық үшін қауіпсіз және қолайлы еңбек жағдайын жасауға, ұжымда қолайлы психологиялық ортаны қалыптастыруға ықпал етеді. Есеп беруді ұсынуды, ішкі еңбек тәртібі ережелерінің орындалуын, медициналық этиканың, еңбек қауіпсіздігі мен қорғалуы, өрт қауіпсіздігі ережелерінің және санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалардың сақталуын қамтамасыз етеді.

Білуі керек: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексің, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексің, Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңдарын, денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді, клиникалық, аспаптық және зертханалық диагностиканың жалпы принциптері мен негізгі әдістерін, емдеу-профилактикалық және жедел медициналық көмекті, халықты дәрімен қамтамасыз етуді ұйымдастыру негіздерін, әлеуметтік гигиена негіздерін, денсаулық сақтаудағы басқару жүйелерін, халық денсаулығы жағдайының статистикасын, халық денсаулығының жағдайын сипаттайтын өлшемдер мен көрсеткіштерді, отандық және шетелдік медицинаның ғылыми жетістіктерін еңбек заңнамасы, еңбекті қорғаудың, қауіпсіздік техникасының, өндірістік санитарияның және өрт қауіпсіздігінің ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар. Жоғары медициналық білімнің, мамандығы бойынша бірінші/жоғары біліктілік санатының болуы.

## **8-кіші бөлімі. Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет ұйымы зертханасының меңгерушісі**

**Ескерту. 8-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 13.06.2016 № 500 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Лауазымдық міндеттері. Зертхананы басқарады. Зертхананың тиімді жұмысын жоспарлайды және ұйымдастырады, санитариялық-эпидемиологиялық қызмет ұйымдарының басқа бөлімшелерімен өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді. Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау органымен бірге жұмыс жоспарын құрады. Жаңа технологиялар мен зерттеу әдістері нарығына маркетингтік зерттеу жүргізеді. Жаңа құрал-жабдықтарды, зертханалық зерттеу және өлшеу әдістемелерін апробациялайды және тәжірибеге енгізеді. Келіп түсетін үлгілерге зертханалық-аспаптық зерттеу жүргізуді ұйымдастырады және қатысады. Қауіпсіз жұмыс жағдайын ұйымдастырады және зерттелетін материалдың қауіпсіз зерделенуін, патогендігі I-IV топ қоздырғыштардың қозғалысын, сақталуын және тасымалдануын қамтамасыз ету жөніндегі бақылауды жүзеге асырады. Жаңа экономикалық басқару әдістерін қолдана отырып, тиімді қаржылық-шаруашылық қызметті, есепке алу-есеп беру құжаттамасын жүргізуді, медициналық этиканың, ішкі еңбек тәртібі, еңбек қауіпсіздігі мен қорғалуы, өрт қауіпсіздігі ережелерінің және санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалардың сақталуын қамтамасыз етеді.

Білуі керек: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексі, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңдарын, денсаулық сақтау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді, микробиологиялық, паразитологиялық, санитариялық-химиялық, токсикологиялық, радиологиялық және тағы басқа физикалық факторларды зерттеу және өлшеу әдістерінің негізін, денсаулық сақтаудағы өлшемдер мен көрсеткіштерді, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы отандық және шетелдік медицинаның ғылыми жетістіктерін, еңбек заңнамасы, еңбекті қорғаудың, қауіпсіздік техникасының, өндірістік санитарияның және өрт қауіпсіздігінің ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар. Санитариялық-эпидемиологиялық бейіндегі жоғары медициналық білімнің және мамандығы бойынша кем дегенде 3 жыл еңбек өтілінің болуы.

**9-кіші бөлімі. Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет ұйымы виварийінің меңгерушісі**

Ескерту. 9-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 13.06.2016 № 500 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Лауазымдық міндеттері. Зертханалық жануарларды асырау мен көбейту жөніндегі басшылықты жүзеге асырады. Виварий жұмысының ағымдық және болашақтағы тақырыптық жоспарларын әзірлейді және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады. Жануарлардың қажетті түрі мен санын жинақтауды, сақтауды, дұрыс асырауды, қоректендіруді және күтуді ұйымдастырады. Виварийдің тиімді жұмысын жоспарлайды және ұйымдастырады, санитариялық-эпидемиологиялық қызмет ұйымдарының басқа бөлімшелерімен өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді. Виварийдің жұмысын талдайды және оның жетілдіру жөніндегі тиісті шараларды қабылдайды. Зертханалық-диагностикалық зерттеуді жүргізуге қатысады. Виварийде асырыланатын жануарлардың ауруларын, паталогияларын зерделеуді ұйымдастырады. Жаңа экономикалық басқару әдістерін қолдана отырып, тиімді қаржылық-шаруашылық қызметті қамтамасыз етеді. Жаңа технологиялар мен зерттеу әдістері нарығына маркетингтік зерттеу жүргізеді. Жаңа құрал-жабдықтарды, зертханалық зерттеу және өлшеу әдістемелерін апробациялайды және тәжірибеге енгізеді. Зертханалық жануарлар отарындағы эпизоотологиялық салауаттылықты қамтамасыз етуге арналған жұмыстарды ұйымдастырады. Жануарларды асыраудың биоэтикалық ережелерін және зертханадан инфекцияның шығуын болдырмайтын манипуляциялардың эпидемияға қарсы тәртібін сақтауды қамтамасыз етеді. Зертханалық жануарлар үлгісіне эксперименттер жасауды мүмкіндігінше қысқарту мақсатында эксперименттік жануарларды пайдалану көлемінің негізділігін талдайды. Зертханалық жануарлармен жұмыс істейтін зертхана қызметкерлерінің қауіпсіз жұмыс жағдайын ұйымдастырады. Виварий қызметкерлерінің біліктілігін арттыру, оларды аттестациялау мәселелерін шешеді. Есепке алу-есеп беру құжаттамасын жүргізуді, медициналық этиканың, ішкі еңбек тәртібі, еңбек қауіпсіздігі мен қорғалуы, өрт қауіпсіздігі ережелерінің және санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалардың сақталуын қамтамасыз етеді.

Білуі керек: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексі, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңдарын, денсаулық сақтау және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы, жануартану және аңтану объектілерін санитариялық-эпидемиологиялық жағдайда ұстау мен пайдалану мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді, зоотехниканың,

ветеринарияның, экологияның, генетиканың, жануар топтарын жүйелендірудің негізін, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы отандық және шетелдік медицинаның ғылыми жетістіктерін, денсаулық сақтаудағы өлшемдер мен көрсеткіштерді, еңбек заңнамасы еңбекті қорғаудың, қауіпсіздік техникасының, өндірістік санитарияның және өрт қауіпсіздігінің ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар. Жоғары (медициналық, ветеринарлық, биологиялық) білімнің және мамандығы бойынша кем дегенде 3 жыл еңбек өтілінің болуы.

## **2-параграф. Жоғары және орта білімнен кейінгі білімі бар мамандардың лауазымдары**

Ескерту. 2-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 19.12.2018 № ҚР ДСМ-43 (алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## **10-кіші бөлімі. Учаскелік дәрігер/Жалпы практика дәрігері\***

Ескерту. 10-кіші бөлімнің тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 22.06.2020 № ҚР ДСМ-70/2020 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. 10-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 13.06.2016 № 500 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Лауазымдық міндеттері. Аурудың профилактикасын, диагностикасын, емделуін, науқастарды оңалтуды жүзеге асырады. Білікті, жедел және басқа да медициналық көмек түрлерін көрсетеді. Науқасты емдеу тактикасын анықтайды. Науқасты тексеру жоспарын әзірлейді. Клиникалық қараулар мен тексерулер, анамнез жинау және клинико-зертханалық және аспаптық зерттеулер мәліметтері негізінде диагноз қояды (немесе растайды). Егер ондай таңдау тексеру нәтижелерінде көзделген болса, науқасқа емдеу әдістері мен тәсілдерін, сонымен қатар медициналық мақсаттағы бұйымдар мен құралдарды таңдау мүмкіндігі туралы ақпарат береді. Өз қызметінің көрсеткіштерін талдайды. Емдеу, оңалту, сақтандыру мәселелері бойынша өзге мамандармен және қызметтермен өзара іс-қимылды жүзеге асырады. Денсаулық орталықтарымен бірге салауатты өмір салтын, дұрыс тамақтануды насихаттауға қатысады. Балаларды тамақтандыру, шынықтыру, мектепке дейінгі мекемелерге, мектепке дайындау, отбасын жоспарлау, контрацепция иммунопрофилактика мәселелері бойынша кеңес беру

қызметін жүзеге асырады. Аурудың және қатерлі факторлардың ерте және жасырын нысандарын анықтауға арналған жұмыстарды жүргізеді, олардың науқасқа әсер етуінің төмендеуіне ықпал етеді. Қажет болған жағдайда емдеу-профилактикалық ұйымдардың мамандарын тарта отырып диагностикалық, емдеу-сауықтыру және оңалту шаралардың кешенін ұйымдастырады. Жүктілікті диагностикалаиды, жүктіліктің ағымын қадағалайды, жүктілердің экстрагениталдық патологияларын анықтайды және емдейді, тууға психопрофилактикалық дайындық жасайды. Жүктілік пен босануға қарсы көрсетімдерді анықтайды, жүктілікті тоқтатуға жолдама береді. Жүктіліктен кейінгі мерзімде және жүктілігін тоқтатқаннан кейін әйелдердің оңалуын жүргізеді. Науқастардың еңбекке қабілетсіз жағдайын анықтайды оларға медициналық-әлеуметтік сараптамаға жолдама береді. Жұмысқа орналасуға, жеңілдетілген еңбек жағдайына ауыстыруға, санаторлық-курорттық емдеуге көрсетімді анықтайды. Бекітілген контингенттің денсаулық жағдайына талдау жүргізеді, медициналық есепке алу-есеп беру құжаттамасын жүргізеді. Практикаға аурудың емі мен профилактикасының жаңа әдістерін енгізеді. Өзіне бағынатын орта және кіші медициналық қызметкерлердің жұмысын ұйымдастырады және бақылайды. Медициналық этиканы, ішкі еңбек тәртібі еңбек қауіпсіздігі мен қорғалуы, өрт қауіпсіздігі ережелерінің және санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларын сақтайды.

Білуі керек: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексін, Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңдарын денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді уақытша жұмысқа қабілетсіздік сараптамасы мен медициналық-әлеуметтік сараптаманың негіздерін, аурулардың халықаралық және отандық жіктелу негіздерін, медициналық сақтандыру негізін, халық денсаулығының статистикасын, денсаулық сақтау саласындағы өлшемдер мен көрсеткіштерді, еңбек заңнамасы, еңбекті қорғаудың, қауіпсіздік техникасының, өндірістік санитарияның және өрт қауіпсіздігінің ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар. Жоғары медициналық білімнің мамандығы бойынша сәйкесті маман сертификатының болуы.

## **11-кіші бөлімі. "Ординатор-дәрігер (бейінді маман)\*"**

**Ескерту. 11-кіші бөлімнің тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 22.06.2020 № ҚР ДСМ-70/2020 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Ескерту. 11-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 13.06.2016 № 500 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Лауазымдық міндеттері. Білікті, жедел және басқа да медициналық көмек түрлерін көрсетеді. Науқасты емдеу тактикасын, тексеру жоспарын анықтайды. Клиникалық қараулар мен тексерулер, анамнез жинау және клинико-зертханалық және аспаптық зерттеулер мәліметтері негізінде диагноз қояды (немесе растайды). Ем тағайындайды және оны бақылайды қажетті диагностикалық, емдік, оңалту және профилактикалық процедуралар мен шараларды ұйымдастырады және өз бетінше жүргізеді. Егер ондай таңдау тексеру нәтижелерінде көзделген болса, науқасқа емдеу әдістері мен тәсілдерін, сонымен қатар медициналық мақсаттағы бұйымдар мен құралдарды таңдау мүмкіндігі туралы ақпарат береді. Стационарда науқасқа күн сайын қарау жүргізеді. Науқастың жағдайына байланысты емдеу жоспарына өзгеріс енгізеді және қосымша тексеру әдістерінің қажеттілігін анықтайды. Диагностикалық және емдеу процедураларын жүргізудің, аспаптар мен жабдықтарды пайдаланудың дұрыстығын бақылайды. Өз жұмысын жоспарлайды және өз қызметінің көрсеткіштерін талдайды. Өз мамандығы бойынша басқа бөлімшелердің дәрігерлеріне кеңестік көмек береді. Емдеу, оңалту мәселелері бойынша өзге мамандармен және қызметтермен жұмыс істейді. Практикаға аурудың емі мен профилактикасының жаңа әдістерін енгізеді. Өзіне бағынатын орта және кіші медициналық қызметкерлердің жұмысын ұйымдастырады және бақылайды. Медициналық есепке алу-есеп беру құжаттамасын жүргізеді. Медициналық этиканы, ішкі еңбек тәртібі, еңбек қауіпсіздігі мен қорғалуы өрт қауіпсіздігі ережелерінің және санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларын сақтайды. Халық үшін санитариялық ағартуды ұйымдастырады және жүргізеді және салауатты өмір салтын насихаттайды.

Білуі керек: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексін, Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңдарын, денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, уақытша жұмысқа қабілетсіздік сараптамасы мен медициналық-әлеуметтік сараптаманың негіздерін, бейіні бойынша қызметті ұйымдастырудың жалпы мәселелерін, аурулардың халықаралық және отандық жіктелу негіздерін, медициналық сақтандыру негізін, халық денсаулығының статистикасын, денсаулық сақтау саласындағы өлшемдер мен көрсеткіштерді, еңбек заңнамасы, еңбекті қорғаудың, қауіпсіздік техникасының, өндірістік санитарияның және өрт қауіпсіздігінің ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар. Жоғары медициналық білімнің, мамандығы бойынша сәйкесті маман сертификатының болуы.

## **12-кіші бөлімі. Санитарлық-эпидемиологиялық қызметі дәрігері (немесе маманы)**

**Ескерту. 12-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 13.06.2016 № 500 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Лауазымдық міндеттері. Санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау объектілеріне мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асырады. Қоршаған ортаның факторларын бақылаудың және инфекциялық және паразитарлық аурулар диагностикасының заманауи зертханалық және аспаптық әдістерін қолдана отырып объектілерге тексеру жүргізеді. Адамның өмір сүру ортасы объектілеріне зертханалық-аспаптық зерттеу жүргізуді ұйымдастырады. Инфекциялық және инфекциялық емес аурулар мәліметтерін тіркеуді және статистикалық өңдеуді қамтамасыз етеді, профилактикалық егуді жүргізуді жоспарлауға және бақылауға қатысады. Санитариялық-эпидемиологиялық және эпидемияға қарсы (профилактикалық) шараларды жүргізуді ұйымдастырады. Санитариялық-эпидемиологиялық жағдайды талдаудың заманауи әдістерін қолданады, халықтың денсаулық жағдайына әсер ететін негізгі факторларды анықтайды, ауру профилактикасының басым бағыттарын анықтайды. Медициналық есепке алу-есеп беру құжаттамасын жүргізеді. Медициналық этиканы, ішкі еңбек тәртібі, еңбек қауіпсіздігі мен қорғалуы, өрт қауіпсіздігі ережелерінің және санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларын сақтайды.

Білуі керек: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексін, Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңдарын, денсаулық сақтау және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, микробиологиялық, паразитологиялық, санитариялық-химиялық, токсикологиялық, радиологиялық физикалық факторларды зерттеу және өлшеу әдістерін, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы отандық және шетелдік медицинаның ғылыми жетістіктерін, халық үшін санитариялық ағартуды, гигиеналық тәрбиелеуді және салауатты өмір салтын насихаттауды ұйымдастыруды, еңбек заңнамасы, еңбекті қорғаудың, қауіпсіздік техникасының, өндірістік санитарияның және өрт қауіпсіздігінің ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар: Санитариялық-эпидемиологиялық бейіндегі жоғары медициналық білімнің болуы.

### **13-кіші бөлімі. Қоғамдық денсаулық сақтау дәрігері (немесе маманы) (валеолог, эпидемиолог, статистик, әдіскер)**

Ескерту. 13-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 26.07.2013 № 436 (ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.06.2016 № 500 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Лауазымдық міндеттері. Халық денсаулығының демографиялық көрсеткіштерін есептейді және бағалайды. Халыққа көрсетілетін медициналық көмектің көлемін, түрін және нысанын талдайды. Медициналық көмектің көптеген түрлерін дамытуды жоспарлайды. Халық арасында инфекциялық және инфекциялық емес аурулардың пайда болу және таралу себептері мен қауіп факторларын бағалайды. Профилактикалық және эпидемияға қарсы шараларды, ауруға ағымдық және ретроспективті эпидемиологиялық талдауды әзірлейді және жүргізеді. Халық (қоғам) денсаулығын сақтауға және нығайтуға арналған әлеуметтік-профилактикалық бағыттылықты анықтайды. Оқу-тәрбиелік өмір сүру ортасының факторларының әсеріне байланысты балалар мен жасөспірімдердің денсаулық жағдайы мен денесінің дамуын бағалайды. Халық денсаулығы жағдайына әсер ететін негізгі факторларды анықтайды, ауру профилактикасының басым бағыттарын белгілейді, халық арасында профилактикалық шаралардың жүргізілуін ұйымдастырады. Сауықтыру шараларын әзірлейді және жүргізеді, салауатты өмір салтын сақтауды, дұрыс тамақтануды насихаттайды. Денсаулық сақтау ұйымы қызметінің соңғы нәтижелерін бағалайды. Медициналық есепке алу-есеп беру құжаттамасын жүргізеді. Медициналық этиканы, ішкі еңбек тәртібі, еңбек қауіпсіздігі мен қорғалуы, өрт қауіпсіздігі ережелерінің және санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларын сақтайды.

Білуі керек: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексін, Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңдарын, денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, денсаулық сақтаудағы статистикалық және әдістемелік талдау әдістерін, таңдаған мамандығы бойынша кәсіптік қызметінің принциптерін (ұйымдастырушылық, консультативтік, профилактикалық), әлеуметтік гигиенаның теориялық негізін, денсаулық сақтаудағы басқару жүйелерін; халық денсаулығы туралы статистиканы, халық



денсаулығы жағдайын бағалайтын өлшемдер мен көрсеткіштерді, статистикалық талдау әдістемелерін және әлеуметтік зерттеу әдістерін, нарықтағы медициналық қызмет конъюнктурасын, денсаулық сақтау саласының құрылымы мен негізгі принциптерін, еңбек заңнамасы, еңбекті қорғаудың, қауіпсіздік техникасының, өндірістік санитарияның және өрт қауіпсіздігінің ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

Жоғары медициналық білімінің ("Емдеу ісі", "Педиатрия", "Жалпы медицина", "Шығыс медицинасы", "Стоматология", "Медициналық-биологиялық іс", "Мейіргер ісі" мамандықтары бойынша және "Қоғамдық денсаулық сақтау" мамандығы бойынша қайта даярлық) немесе жоғары медициналық білімінің ("Қоғамдық денсаулық сақтау", "Медициналық-профилактикалық іс" мамандықтары бойынша) болуы.

#### **14-кіші бөлім. Денсаулық сақтау маманы (медициналық қызмет сапасы бойынша, медициналық қызметтің стратегиясы мен маркетингі бойынша, медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру мен әдістемесі бойынша)**

Ескерту. 14-кіші бөлімнің тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 19.12.2019 № ҚР ДСМ-150 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. 14-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 26.07.2013 № 436 (ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.06.2016 № 500 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Лауазымдық міндеттері. Нақты бағыт (учаске) шеңберінде ұйымдастыру жұмыстарын жүзеге асырады:

медициналық қызмет сапасы бойынша: медициналық ұйымдағы сапа менеджментін дамытудың жалпы тұжырымдамасын қалыптастыруға қатысады, медициналық ұйымдардың өкімдік және нормативтік құжаттарының (сапа менеджменті жүйесінің құжаттары - ережелер мен процедураларын қоса) жобасын дайындауды, медициналық қызмет көрсетудің сапасын жақсартумен байланысты мәселелер бойынша сертификаттау, стандарттау, лицензиялау органдарымен және консалтинг фирмалармен өзара іс-қимылды жүзеге асырады. Медициналық қызмет көрсету үрдісін жетілдіруге қажетті біріншілікті медициналық және өзге (тәртіптер, нұсқаулық, ережелер) құжаттамалардың нысандарын әзірлеуге қатысады. Сапасыз көрсетілетін емнен пациенттердің қауіпсіздігі жөніндегі шараларды ұйымдастыруға қатысады. Медициналық қызметті оңтайлы қолдануға және дәрі-дәрмектік терапияның тағайындалуына мониторинг және бақылау жүргізеді, денсаулық сақтау ұйымдарындағы

медициналық қызметтердің көрсетілу сапасына сараптаманы жүзеге асырады және сараптамалық жұмысты ұйымдастырады. Медициналық персоналды уәждеу жүйесін әзірлеуге қатысады, медициналық қызмет көрсетудің сапалық индикаторларын айқындайды, сапаны көтерудегі медициналық персоналдың үлес деңгейін бағалайды. Пациенттердің қанағаттану деңгейіне сауалнама жүргізеді, пациенттердің шағымдарын басқарады (шағым мен ұсыныстарды жинақтау, өңдеу, талдау және регламентке сәйкес шешімдер қабылдау, шағымданған пациенттерді ақпараттандыру). Инциденттерді тіркеу жүйесін енгізу және басқару (потенциалды қателіктерді, орын алған қателіктерді, т.б. инциденттерді тіркеу, талдау). Клиникалық және басқару салаларындағы қызмет туралы индикатор түрінде ақпарат жинау және жүйелеу, ақпаратты агрегаттау және талдау (инциденттер туралы индикаторлар мен есептер), басшылыққа сапа менеджменті жүйесінің үрдістері мен нәтижелілігі туралы есептер мен басқару шешімдерінің жобаларын ұсыну. Сапа менеджменті жүйесінің үрдістері бойынша персоналмен консультациялық және әдістемелік жұмыс жүргізу. Бөлімшелердің ішкі тексеріс жоспары мен бағдарламасын жасау, медициналық ұйым бөлімшелерінің ішкі аудиттарына қатысу, аудит нәтижелерін мүдделі тараптарға жеткізу (өткізілген аудит бойынша есептер). Ұйымның ұлттық және/немесе халықаралық аккредитацияға дайындығын жүргізу.

медициналық қызметтің стратегиясы мен маркетингі бойынша: медициналық ұйым қызметінің сыртқы және ішкі ортасына талдау жасауды жүзеге асырады. Медициналық ұйымның бәсекеге қабілеттігін арттыру мен дамуы жөніндегі нақты шараларды қамтитын, ұйымды тиімді басқару бағдарламасын әзірлеуге қатысады; қаржылық тұрақтылықтың артуы мен ресурстардың оңтайлы жұмсалуды сипаттайтын көрсеткіштерге мониторинг жасауды қамтамасыз етеді; ұйым жұмысының даму үдерісін бағалау мен мониторингінің нәтижелері бойынша менеджменттің сапасын бағалауды қамтамасыз етеді. Медициналық ұйымның ресурстарына талдау жасауды жүзеге асырады. Медициналық ұйым жұмысының техникалық-экономикалық және әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерін талдайды және жүйелейді, оның бәсекеге қабілеттілігінің салыстырмалы талдауын жүргізеді. Медициналық ұйымның стратегиясын таңдайды және даму басымдықтарын айқындайды, мақсатқа жету әдістерін анықтап, мақсаттың таңдалуын негіздейді; мақсатқа жетудің құралдарын айқындайды, жалпы ұйымдағы және, соның ішінде, оқшауланған құрылымдық бөлімшелеріндегі стратегиялық жоспарлауды ұйымдастыруға қатысады. Медициналық ұйымның инновациялық және инвестициялық қызметін, ұйымның әрі қарайғы дамуымен байланысты болатын жарнамалық стратегиясын әзірлеуге қатысады. Қажеттіліктерді зерттеу мен бағалау арқылы өндірілетін медициналық қызметтерге сұранысты талдауды, ұсынылатын медициналық қызметтерге деген

сұранысқа болжам жасау мен уәждеуді жүзеге асырады. Басшылыққа ұйымның стратегиялық дамуы мен медициналық қызметтердің маркетингі мәселелері бойынша басқармалық шешімдердің жобасын ұсынады.

медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру мен әдістемесі бойынша: Уақытылы және сапалы медициналық көмек көрсету бойынша денсаулық сақтау ұйымының құрылымдық (клиникалық, параклиникалық) бөлімшесінің ұжымының жұмысын ұйымдастыруға қолдау көрсетеді, ұйымның басқа бөлімшелерімен өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді. Еңбек және материалдық-техникалық ресурстарды оңтайлы басқару жөнінде ұсыныстар береді. Ресурсты үнемдеу және тиімділік арқылы денсаулық сақтау ұйымын тиімді басқаруды қамтамасыз етеді, ұйымға пациенттердің келуін реттеуге бақылау жасайды. Денсаулық сақтау ұйымының құрылымдық (клиникалық, параклиникалық) бөлімшесінің тіркеу-есептік құжаттамаларын жүргізу және ұсынуды өндірушілік/медициналық қызметі туралы ақпаратты жинау және жүйелеуді қамтамасыз етеді. Еңбекті ұйымдастыру бойынша, емдік-диагностикалық үрдістер мен процедураларды жақсарту бойынша, жаңа медициналық және басқару технологияларын енгізу және қолданыстағыларын жетілдіру бойынша әртүрлі жоспарларды, бағдарламаларды немесе ережелерді әзірлеуді және олардың орындалуына мониторинг жүргізуді жүзеге асырады. Ұйымның бөлімшелерінде біріншілік есепке алуды жүргізудің орнатылған тәртібінің орындалуына, алынатын есептік мәліметтердің сенімділігіне, медициналық этиканың, ішкі еңбек тәртібі, еңбек қауіпсіздігі мен қорғалуы, өрт қауіпсіздігі ережелерінің және санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалардың сақталуына мониторингті жүзеге асырады. Бөлімше қызметінің тұрақты талдауын жүргізеді және соның негізінде жоғары тұрған басшылыққа бөлімшенің қызметін жақсарту бойынша ұсыныс енгізеді. Нұсқаулықтар мен әдістемелік тапсырмалардың дұрыс қолданылуына бақылау ұйымдастырады. Есепке алу әдістемесін ұйымдастырудың, бөлімше қызметі туралы шұғыл және статистикалық есептілікті әзірленуі мен ұсынылуының белгіленген мерзімдерінің сақталуын бақылауды жүзеге асырады. Нұсқаулық кеңестер ұйымдастырады, ұйым қызметкерлерінің техникалық және әдістемелік оқуларын өткізеді, сабақтардың өткізілуіне қатысады.

Білуі тиіс: Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын, денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, әлеуметтік гигиенаның теориялық негіздерін, қағидаттарын мен әдістерін, денсаулық сақтаудағы басқару жүйесін, денсаулық сақтаудың критерийлері мен көрсеткіштерін, денсаулық сақтау

саласының этикалық-деонтологиялық мәселелерін, денсаулық сақтау саласындағы стратегиялық дамудың негіздерін және саясатты, бірлесіп басқаруды, медициналық қызметтердің маркетингін, медициналық қызмет көрсету үрдістерін басқарудың негіздерін, персоналды басқару және өзін-өзі басқару негіздерін, денсаулық сақтау экономикасының негіздерін және қаржылық басқаруды, денсаулық сақтаудағы ақпараттандыру мен статистиканы, еңбек заңнамасы, еңбекті қорғаудың, қауіпсіздік техникасының, өндірістік санитарияның және өрт қауіпсіздігінің ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

"Қоғамдық денсаулық сақтау", "Мейіргер ісі" мамандығы бойынша жоғары медициналық білімінің (бакалавр) (немесе "Емдеу ісі", "Педиатрия", "Жалпы медицина", "Медициналық-профилактикалық іс", "Шығыс медицинасы", "Медициналық-биологиялық іс", "Стоматология" мамандықтары бойынша жоғары медициналық білім және "Денсаулық сақтау менеджменті" мамандығы бойынша қайта даярлық) болуы.

## **15-кіші бөлімі. Сарапшы-дәрігер**

**Ескерту. 15-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 13.06.2016 № 500 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Лауазымдық міндеттері. Халыққа көрсетілетін медициналық көмектің көлемі мен сапасына сараптама жүргізеді. Халыққа көрсетілетін медициналық қызметтер көлемінің денсаулық сақтау стандарттарына сәйкес орындалуын бақылайды. Емдеу-диагностикалық шаралардың стандарттарға сәйкес келуіне ретроспективтік талдау жасайды, денсаулық сақтау ұйымдарында медициналық көмек сапасын басқаруға арналған бағдарламаларды әзірлейді. Медициналық-әлеуметтік сараптау комиссияларымен өзара іс-қимылды жүзеге асырады. Халыққа қызмет көрсететін инновациялық технологияларды енгізеді. Талдау нәтижелерінің негізінде халыққа көрсетілген медициналық қызмет сапасының деңгейін зерделейді, науқастардың мәселелерін (шағымдарын) өз орнында шешеді. Медициналық құжаттаманың уақытылы және сапалы рәсімделуін қамтамасыз етеді. Медициналық этиканы, ішкі еңбек тәртібі, еңбек қауіпсіздігі мен қорғалуы, өрт қауіпсіздігі ережелерінің және санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларын сақтайды.

Білуі керек: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексін, Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңдарын, денсаулық

саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, әлеуметтік гигиенаның теориялық негізін, денсаулық сақтаудағы басқару жүйелерін, халық денсаулығы туралы статистиканы, халық денсаулығы жағдайын бағалайтын өлшемдер мен көрсеткіштерді, нарықтағы медициналық қызмет конъюнктурасын, еңбек заңнамасы, еңбекті қорғаудың, қауіпсіздік техникасының, өндірістік санитарияның және өрт қауіпсіздігінің ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар. Жоғары медициналық білімнің, сәйкесті мамандығы бойынша бірінші/жоғары біліктілік санатының болуы.

**16-кіші бөлімі. Дәрігер - сот-медициналық сарапшысы (жалпы сараптамалық, сот-биологиялық, химия-токсикологиялық, сот-гистологиялық, медицина-криминалистік, молекулярлық-генетикалық зерттеулердің)**

Ескерту. 16-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 13.06.2016 № 500 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.04.2019 № ҚР ДСМ-29 (алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Лауазымдық міндеттері. Зерттеудің заманауи әдістерін қолдана отырып, сараптама бөлімшесі жұмысының бейімі бойынша барлық әкелінген сараптамалық зерттеу нысандарының білікті сот-медициналық сараптамасын ( бұдан әрі - сараптама) жүзеге асырады.

Жалпы сараптамалық зерттеудің сот-медициналық сарапшысы: өліктің; өліктік материалдың; денсаулыққа келтірілген зиянды анықтау үшін тірі тұлғалардың сот-медициналық сараптамаларын жүргізеді, жалпы еңбек қабілетін жоғалту пайызын айқындайды, жыныстық қылмыстарда; қылмыстық, әкімшілік және азаматтық істер материалдары бойынша; медициналық қызметкерлердің кәсіби қызметі жөніндегі істер бойынша, медициналық құжаттамалардың және сараптамалық бөлімшенің жұмыс бейімі бойынша сараптамалық қызметтің өзге де түрлерін жасайды.

Зертханалық сараптамалық қызметті орындаушы тұлға, сондай-ақ сараптама жүргізуде зертханалық сынақтарды, өлшеулерді, зерттеудің химиялық, физикалық, фотографиялық әдістерін орындайды; зертханалық жабдықтардың қалыпты жұмыс істеуін қадағалайды (оны тексеруді және нұсқаулық пен техникалық құжаттамаға сәйкес баптауды жүзеге асырады). Ішкі істер, прокуратура және сот органдары қызметкерлеріне консультациялық көмек беруді жүзеге асырады. Сот-құқықтық тәжірибеде кездесетін, медициналық-биологиялық сипаттағы мәселелерді заңдылық, тәуелсіздік, туралы

және арнайы құзіреті шегіндегі зерттеулердің толықтығы ұстанымдарына негізделген сот-медициналық сараптама жүргізу арқылы шешеді. Жүргізілген зерттеулермен байланысты, тапсырылған мәселелер бойынша жазбаша түрде ғылыми-негізделген, дәйекті және тура қорытынды береді. Өз жұмысын жоспарлайды және өз қызметінің көрсеткіштеріне талдау жасайды. Құралдардың, аппараттар мен жабдықтардың дұрыс қолданылуын, реактивтердің ұтымды пайдаланылуын қамтамасыз етеді. Орта және кіші медициналық персоналдың жұмысына басшылықты жүзеге асырады. Тәжірибеде зерттеудің жаңа әдістерін қолданады. Сот-медициналық сараптама барысында белгілі болған мәліметтерді жарияламайды. Шұғыл жағдайларда дәрігерге дейінгі көмекті көрсетеді. Есепке алу-есептік медициналық құжаттаманы жүргізеді. Медициналық этиканы, ішкі еңбек тәртібі, еңбек қауіпсіздігі мен қорғалуы, өрт қауіпсіздігі ережелерінің және санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларын сақтайды.

Білуі тиіс: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің негіздерін, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексін, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-іс жүргізу кодексін, "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін, "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін, "Сот сараптамасы туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын, денсаулық сақтау және сот-медициналық сараптама саласындағы нормативтік құқықтық актілерін, еңбек заңнамасы, еңбекті қорғаудың, қауіпсіздік техникасының, өндірістік санитарияның және өрт қауіпсіздігінің ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар. Жоғары медициналық білімі, "Сот-медициналық сараптама" мамандығы бойынша біліктілігін арттыру, жалпы сараптамалық зерттеудің дәрігер сарапшысы үшін "Сот-медициналық сараптама" немесе "Патологиялық анатомия (цитопатология) (ересек, бала)" мамандықтары бойынша маман сертификаты.

**17-кіші бөлімі. Маман - сот-медициналық сарапшысы (сот-биологиялық, химия-токсикологиялық, сот-гистологиялық, медициналық-криминалистикалық, молекулярлы-генетикалық зерттеулердің)**

Ескерту. 17-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 13.06.2016 № 500 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Лауазымдық міндеттері. Өзіне жүктелген заттық дәлелдердің сот-медициналық сараптамасын, соның ішінде өліктік материалды зерттеуді, сараптама бөлімшесі жұмысының бейімі бойынша зертханалық сарапшылық қызметті жүргізеді. Зертханалық сынақтарды, сараптама жүргізуде өлшеуді, зерттеудің фотографиялық және физикалық әдістерін орындайды. Зертханалық жабдықтардың қалыпты жұмыс істеуін қадағалайды (оны тексеруді және нұсқаулық пен техникалық құжаттамаға сәйкес баптауды жүзеге асырады), зерттеулер жүргізу үшін реактивтер мен химиялық ыдыстарды даярлайды, ішкі істер, прокуратура және сот органдары қызметкерлеріне консультациялық көмек беруді жүзеге асырады. Сот-құқықтық тәжірибеде кездесетін, медициналық-биологиялық сипаттағы мәселелерді заңдылық, тәуелсіздік, туралық және арнайы құзіреті шегіндегі зерттеулердің толықтығы ұстанымдарына негізделген сот-медициналық сараптама жүргізу арқылы шешеді. Жүргізілген зерттеулермен байланысты, тапсырылған мәселелер бойынша жазбаша түрде ғылыми-негізделген, дәйекті және тура қорытынды береді. Тәжірибеде зерттеудің ұсынылған және жаңа әдістерін қолданады. Өз біліктілігі мен теориялық білімінің деңгейін ұдайы көтеріп отырады. Сот-медициналық сараптама барысында өзіне белгілі болған мәліметтерді жарияламайды. Медициналық құжаттамалардың уақытылы және сапалы рәсімделуін қамтамасыз етеді. Орта және кіші медициналық персоналдың жұмысына басшылықты жүзеге асырады. Шұғыл жағдайларда дәрігерге дейінгі көмекті көрсетеді. Есепке алу-есептік медициналық құжаттаманы жүргізеді. Медициналық этиканы, ішкі еңбек тәртібі, еңбек қауіпсіздігі мен қорғалуы, өрт қауіпсіздігі ережелерінің және санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларын сақтайды.

Білуі тиіс: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің негіздерін, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексін, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-іс жүргізу кодексін, "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін, "Сот сараптамасы туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын, денсаулық сақтау және сот-медициналық сараптама саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, еңбек заңнамасы, еңбекті қорғаудың, қауіпсіздік техникасының, өндірістік санитарияның және өрт қауіпсіздігінің ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар. Жоғары білімінің (медициналық, фармацевтік, медициналық-биологиялық, химиялық, биологиялық, физикалық-математикалық, физикалық-химиялық, табиғи-техникалық,

педагогикалық (химия және биология) және сәйкес мамандық бойынша біліктілігін арттыруының болуы.

### **18-кіші бөлімі. Зертхана маманы**

**Ескерту. 18-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 13.06.2016 № 500 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Лауазымдық міндеттері. Зерттеулер мен әзірлеулер жүргізу кезінде зертханалық талдауды, сынауды, өлшеуді орындайды. Зертханалық жабдықтар жағдайының дұрыстығын бақылайды (оны тексереді және күйін келтіреді), зерттеу жүргізу үшін реактивтерді, қоректік орталарды және химиялық ыдыстарды дайындайды. Материалдарды жинау мен өңдеуге қатысады, қажетті дайындық және қосымша операцияларды жүзеге асырады, бақылау жүргізеді, аспап көрсеткішін жазып алады, талдау, өлшеу нәтижелерін әдістемелік құжаттамаға сәйкес өңдейді, жүйелендіреді және рәсімдейді, оларды тіркеуді. Медициналық есепке алу-есеп беру құжаттамасын жүргізеді. Шұғыл жағдайларда дәрігерге дейінгі көмек көрсетеді. Медициналық этиканы, ішкі еңбек тәртібі, еңбек қауіпсіздігі мен қорғалуы, өрт қауіпсіздігі ережелерінің және санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларын сақтайды.

Білуі керек: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексін, Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңдарын, денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, санитариялық-микробиологиялық зерттеу және ішкі аурулар негіздерін, негізгі инфекциялық аурулардың микробиологиялық диагностикасын, жалпы клиникалық, биохимиялық, гематологиялық және цитологиялық зертханалық зерттеу әдістері мен техникасын, бақылау-өлшеу құрылғысын және оны қолдану ережесін, еңбек заңнамасы, еңбекті қорғаудың, қауіпсіздік техникасының, өндірістік санитарияның және өрт қауіпсіздігінің ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар. Жоғары (медициналық, медициналық-биологиялық, медициналық-профилактикалық, биологиялық, химиялық, химия-биологиялық, фармацевтикалық, физика-математикалық) білімнің, сәйкесті мамандық бойынша біліктілікті арттырудың болуы.

### **19-кіші бөлімі. Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет маманы (биолог, зоолог/эпизоотолог, энтомолог)**



Ескерту. 19-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 13.06.2016 № 500 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Лауазымдық міндеттері. Аумаққа эпизоотологиялық және зоологиялық-паразитологиялық тексеру ұйымдастырады, профилактикалық (дератизация, дезинсекция) шараларды ұйымдастырады және жүргізеді. Тексеріліп отырған аумақтағы паразитарлық және трансмиссиялық аурулардың тасымалдаушыларына қарсы күрес шараларының мақсатты бағдарламасын әзірлейді. Эпидемиологиялық ұсыныстарды әзірлеу үшін эпизоотологиялық үдерістің даму динамикасын талдаудағы мәліметтерді ұсынады. Табиғи-ошақтық аурулардың тасымалдаушылары мен алып жүрушілерінің негізгі түрлеріне сараптамалық анықтау жүргізеді. Трансмиссиялық және паразитарлық инфекцияларды анықтауға, тексеруге және жоюға қатысады. Қоршаған орта факторларын бақылаудың заманауи зертханалық және аспаптық әдістерін қолдана отырып, санитариялық-эпидемиологиялық тексеру жүргізеді. Инфекциялық және инфекциялық емес аурулардың мәліметтерін тізімдейді, тіркейді және статистикалық тұрғыда өңдейді. Заманауи технологияларды, өлшеу және талдау аспаптарын қолдана отырып, зертхана бейініне сәйкес клиникалық және санитариялық-гигиеналық зерттеулерді жүргізеді. Талдау және диагностикалық дәлдігі өте жоғары зертханалық зерттеудің жаңа әдістерін меңгереді және енгізеді. Жүргізілген зерттеулер нәтижелерін талдайды, оларды тіркейді, қажетті есепке алу-есеп беру құжаттамаларын жүргізеді. Халық арасында санитариялық-ағарту жұмыстарын жүргізеді. Шұғыл жағдайларда көмек көрсетеді. Медициналық этиканы, ішкі еңбек тәртібі, еңбек қауіпсіздігі мен қорғалуы, өрт қауіпсіздігі ережелерінің және санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларын сақтайды.

Білуі керек: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексін, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңдарын, денсаулық сақтау және эпидемиология саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, санитариялық-эпидемиологиялық бағалау негіздерін, принциптерін және әдістерін, жабайы және синантропты жануарлардың жүйесі мен экологиясын, зертханалық қызметті ұйымдастыруды, еңбек заңнамасы, еңбекті қорғаудың, қауіпсіздік техникасының, өндірістік санитарияның және өрт қауіпсіздігінің ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар. Жоғары биологиялық білімнің болуы.

## **20-кіші бөлімі. Қоғамдық денсаулық сақтау маманы (эпидемиолог, статистик, әдіскер, валеолог)**

Ескерту. 20-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 13.06.2016 № 500 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Лауазымдық міндеттері. Халық денсаулығының демографиялық көрсеткіштерін есептейді және бағалайды. Халыққа көрсетілген медициналық көмектің көлемін, түрлерін және нысандарын талдайды. Медициналық көмектің бірнеше түрлерін дамытуды жоспарлайды. Халық арасында инфекциялық және инфекциялық емес аурулардың пайда болуы мен таралуының себептері мен қауіп факторларын бағалайды. Профилактикалық және эпидемияға қарсы шараларды, аурудың ағымдық және ретроспективтік эпидемиологиялық талдауын әзірлейді. Статистикалық есептердің бірнеше түрлерін жасау жөніндегі жұмыстарды орындайды. Статистикалық мәліметтер негізінде ақпараттық-талдау анықтамасын жасайды. Денсаулық сақтау ұйымдары қызметінің соңғы нәтижелерін бағалайды. Көрнекі үгіттеуді және салауатты өмір салты мен дұрыс тамақтануды насихаттауды жүргізеді. Сауықтыру шараларын әзірлейді және жүргізеді. Статистикалық талдау мен әлеуметтік зерттеу әдістерін жүргізеді. Медициналық құжаттамаларды рәсімдеуді қамтамасыз етеді. Медициналық есепке алу-есеп беру құжаттамаларын жүргізеді. Медициналық этиканы, ішкі еңбек тәртібі, еңбек қауіпсіздігі мен қорғалуы, өрт қауіпсіздігі ережелерінің және санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларын сақтайды.

Білуі керек: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексін, Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңдарын, денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, әлеуметтік гигиенаның теориялық негіздерін, принциптерін және әдістерін, денсаулық сақтау саласындағы басқару жүйелерін, халық денсаулығы туралы статистиканы денсаулық сақтаудағы өлшемдер мен көрсеткіштерді, нарықтағы медициналық қызмет конъюнктурасын, еңбек заңнамасы, еңбекті қорғаудың, қауіпсіздік техникасының, өндірістік санитарияның және өрт қауіпсіздігінің ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар. Жоғары (кәсіптік) білімнің және "Қоғамдық денсаулық сақтау" мамандығы бойынша қайта даярлаудың (біліктілікті арттыру) болуы.

## **21-кіші бөлімі. Денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман**

Ескерту. 21-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 13.06.2016 № 500 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Лауазымдық міндеттері. Әлеуметтік жағдайдың және тұтынушының әлеуметтік қызметке мұқтаждығының жалпы диагностикасын жүргізеді әлеуметтік қызмет жинағын анықтайды. Халықты арнайы әлеуметтік қызметтің арнайы түрлері туралы ақпараттандырады. Мәселелерін өз бетінше шеше білуді дамытуға арналған көмекті жүзеге асырады, науқастарды әлеуметтік сауықтыру үдерісіне қатыстырады. Әлеуметтік қызмет жөніндегі тіркеу және есеп беру құжаттамаларын жүргізеді. Дәрігерге дейінгі медициналық көмекті көрсетеді. Мүмкіндігі шектеулі балаларға, жалғыз бастыларға, қарттарға, мүгедектерге созылмалы ауруы бар науқастарға көмекті, сонымен бірге күтуді, интернат-үйлерге орналастыруды, протездеуді, қозғалу құралдарын және оңалтудың техникалық құралдарын алуды ұйымдастыру, психотерапиялық жұмысты науқаспен, сондай-ақ отбасы мүшелерімен ұйымдастыру жөніндегі жұмысты үйлестіреді. Салауатты өмір салтын қалыптастыру жөніндегі жұмыстарға қатысады. Қоғамдық ұйымдармен, мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимылына, үйлестірілуге және ынтымақтастыққа арналған жұмысты ұйымдастырады, еріктілер қозғалысын дамытады. Медициналық этиканы, ішкі еңбек тәртібі, еңбек қауіпсіздігі мен қорғалуы, өрт қауіпсіздігі ережелерінің және санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларын сақтайды.

Білуі керек: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексін, Қазақстан Республикасының "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Кодексін, Қазақстан Республикасының "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы", "Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы", "Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы", "Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңдарын, денсаулық сақтау, әлеуметтік қызмет көрсету саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, еңбек заңнамасы, еңбекті қорғаудың, қауіпсіздік техникасының, өндірістік санитарияның және өрт қауіпсіздігінің ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар. Жоғары (медициналық, әлеуметтік, әлеуметтанулық, педагогикалық) білімнің және "Әлеуметтік жұмыс" мамандығы бойынша қайта даярлаудың (біліктілікті арттыру) болуы.

**21-1-кіші бөлім. Кеңейтілген практика мейіргері**

Ескерту. 2-параграф 21-1-кіші бөліммен толықтырылды – ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 19.12.2018 № ҚР ДСМ-43 (алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Лауазымдық міндеттері.

Мейіргерлік қарап-тексеруді жүзеге асырады, мейіргерлік диагноз қояды, пациент үшін мейіргерлік араласу жоспарын құрады, техникалық және кәсіптік білім деңгейіндегі мейіргерлердің мейіргерлік шараларын жүзеге асыруын бақылайды, жалпы практикадағы, терапиядағы, хирургиядағы, акушериядағы және гинекологиядағы, психиатриядағы, гериатриядағы, оңалтудағы, паллиативті күтімдегі және алғашқы медициналық-санитариялық және стационарлық деңгейлердегі денсаулық сақтау жүйесінің басқа да мамандандырылған салаларында тағайындалатын мейіргерлік араласу жоспарын бағалайды. Өз құзыреті шегінде анағұрлым кең тараған инфекциялық емес аурулары және тиісті респираторлық вирустық инфекциясы бар пациенттерді жеке қабылдауды жүзеге асырады. Пациентті/отбасын жалпы күтім процедураларына және ауруды басқаруға үйретеді және оны ұйымдастырады, жүзеге асырады, мониторинг жүргізеді және тиімділігін бақылайды. Жүкті әйелдерді бала туғаннан кейінгі әйелдерді, бір жасқа дейінгі балаларды, диспансерлік науқастар мен қарияларды үйде бақылауды жүзеге асырады. Денсаулықты нығайту және аурулардың профилактикасы бойынша қызметті ұйымдастырады, техникалық және кәсіптік білім деңгейіндегі мейіргерлердің профилактикалық іс-шараларды жүзеге асыруын бақылайды, іс-шаралардың тиімділігін және нәтижелілігін бағалайды. Дәрілік заттардың, қанға арналған дәрі-дәрмектердің және қан алмастырғыштардың есепке алынуын және сақталуын қамтамасыз етеді. Мейіргерлердің дәрігерлік тағайындауларды тиісті түрде орындауларын ұйымдастырады. Емдеу-алдын алу мекемелеріндегі мейіргерлік есепке алу-есеп беру құжаттамаларын жүргізуді қамтамасыз етеді. Азаматтарға алғашқы медициналық көмек көрсетеді, оның ішінде төтенше жағдайларда, дәрігерге дейінгі және паллиативтік медициналық көмек көрсетеді. Қауіпсіз ауруханалық ортаны және инфекциялық бақылаудың ұйымдастырылуын бақылауды қамтамасыз етеді. Медициналық этиканы, өрт қауіпсіздігі, қауіпсіздік және еңбекті қорғау, ішкі еңбек тәртібінің қағидаларын, санитариялық-эпидемиологиялық режимді сақтайды. Дәлелді мейіргерлік нұсқаулықтарды және хаттамаларды әзірлеуге қатысады. Мейіргерлердің, дәрігерлердің және денсаулық сақтау саласының басқа да қызметкерлерінің кәсіпаралық жұмысын ұйымдастыруға қатысады. Мейіргер ісіндегі сапаны жақсарту бойынша ұйымдастыру саясатын және қызметті әзірлеуге қатысады.

Электронды денсаулық сақтау жағдайында мейіргерлік құжаттамалардың ұйымдастырылуын бақылайды.

Мыналарды: 1995 жылы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясы, 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексі, Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" 2015 жылғы 18 қарашадағы, "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" 1997 жылғы 11 шілдедегі заңдарын, денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді, денсаулық сақтауды ұйымдастырудың негізгі қағидаларын, еңбек заңнамасын, еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі қағидалары мен нормаларын білуі керек.

Біліктілікке қойылатын талаптар: еңбек өтіліне қойылатын талаптарды есепке алмай "Мейіргер ісі" мамандығы бойынша жоғары медициналық білімінің, "Мейіргер ісі" (қолданбалы бакалавриат) мамандығы бойынша орта білімнен кейінгі білімінің болуы.

## **21-2-кіші бөлімі. Резидент-дәрігер\***

**Ескерту. 2-параграф 21-2-кіші бөліммен толықтырылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 22.06.2020 № ҚР ДСМ-70/2020 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **1. Лауазымдық міндеттері.**

Резидент-дәрігер тиісті сертификаты бар маманның басшылығымен пациенттермен жұмыста білікті, жедел және басқа да медициналық көмек түрлерін көрсетеді. Науқасты қадағалап-қарау тактикасын, зерттеп-қарау жоспарын анықтайды. Клиникалық бақылау мен зерттеп-қарау, анамнез жинау және клиникалық-зертханалық және аспаптық зерттеулер деректері негізінде диагноз қояды (растайды). Клиникалық тәлімгердің қадағалауымен емдеуді тағайындайды және бақылайды, қажетті диагностикалық, емдеу, оңалту және профилактикалық процедуралар мен іс-шараларды жүргізеді. Пациентке емдеу әдістері мен тәсілдерін таңдау мүмкіндігі, сондай-ақ пайдаланылатын құралдар мен медициналық мақсаттағы бұйымдар туралы ақпарат береді. Стационарда науқасқа күн сайын қарау жүргізеді. Клиникалық тәлімгердің қадағалауымен пациенттің жағдайына қарай емдеу жоспарына өзгеріс енгізеді және қосымша зерттеп-қарау әдістерінің қажеттілігін айқындайды. Диагностикалық және емдеу процедураларын жүргізудің, аспаптарды пайдаланудың дұрыстығын бақылайды. Өз жұмысын жоспарлайды және өз қызметінің көрсеткіштерін талдайды. Емдеу, оңалту мәселелері бойынша өзге мамандармен және қызметтермен жұмыс істейді

. Өзіне бағынысты орта және кіші медицина персоналының жұмысын ұйымдастырады және бақылайды. Медициналық есепке алу-есеп беру құжаттамасын жүргізеді. Медициналық этиканы, ішкі еңбек тәртібі, өртке қарсы қауіпсіздік және қауіпсіздік техника және санитарлық-эпидемиологиялық режим қағидаларын сақтайды. Халықты санитариялық ағартуды ұйымдастырады және жүргізеді және салауатты өмір салтын насихаттайды.

Мыналарды: Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін, Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңдарын, денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, уақытша жұмысқа қабілетсіздік сараптамасы мен медициналық-әлеуметтік сараптаманың негіздерін, бейіні бойынша қызметті ұйымдастырудың жалпы мәселелерін, аурулардың халықаралық және отандық жіктелу негіздерін, медициналық сақтандыру негізін, халық денсаулығының статистикасын, денсаулық сақтау саласындағы критерийлер мен көрсеткіштерді, еңбек заңнамасын, еңбекті қорғаудың, қауіпсіздік техникасының, өндірістік санитарияның және өрт қауіпсіздігінің қағидалары мен нормаларын білуі қажет.

Біліктілікке қойылатын талаптар. Жоғары медициналық білімі (базалық медициналық білім және интернатура), резидентурада білім алу.

### **3-параграф. Біліктілік деңгейі орта мамандардың лауазымдары 22-кіші бөлімі. Аға мейіргер (аға фельдшер, аға акушер)\***

Ескерту. 22-кіші бөлімнің тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 22.06.2020 № ҚР ДСМ-70/2020 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. 22-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 13.06.2016 № 500 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Лауазымдық міндеттері. Орта және кіші медицина қызметкерлерінің еңбегін ұйымдастырады және олардың өз міндеттерін орындауын бақылайды. Бөлімшені дәрілік заттармен, медициналық мақсаттағы бұйымдармен және медициналық техникамен қамтамасыз етуді, бөлімшедегі мүлік пен медициналық заттардың сақталуын, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың уақытында жөнделуін, бөлімшедегі науқастардың тамақтануын ұйымдастырады, қатты әсер ететін, улы, наркотикалық, психотроптық медикаменттер мен прекурсорларды бақылауды, есепке алуды және сақтауды, бөлімше

қызметкерлерінің еңбек қорғау мен қауіпсіздік техникасы, асептика мен антисептика ережелерін сақтауын, орта медицина қызметкерлерінің дәрігер тағайындауын уақытында және нақты орындауын, жаңа түскен науқастарды санитариялық өңдеуді, эпидемияға қарсы іс-шараларды сақтауды, үй-жайдағы санитариялық-гигиеналық жағдайды жүзеге асырады. Емдеу-профилактикалық, санитариялық-профилактикалық, дәрігерге дейінгі көмекті, сонымен бірге жүкті әйелдерге және нәрестелерге көрсетеді, дәрігерге хирургиялық манипуляциялар кезінде көмектеседі, қалыпты босануларды қабылдайды, шұғыл жағдайлар кезінде алғашқы медициналық көмек көрсетеді. Жүктілер мен босанатындарға диспансеризациялау мен патронаж жүргізуді ұйымдастырады. Зертханалық зерттеуді, халық арасында санитарлық-ағарту жұмыстарын, оның ішінде гигиеналық оқыту мен тәрбиелеуді, салауатты өмір салтын насихаттауды жүргізеді. Ағымдық санитариялық қадағалауды жүзеге асырады, эпидемияға қарсы іс-шараларды ұйымдастырады. Медициналық есепке алу-есеп беру құжаттамаларын жүргізеді. Медициналық этиканы, ішкі еңбек тәртібі, еңбек қауіпсіздігі мен қорғалуы, өрт қауіпсіздігі ережелерінің және санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларын сақтайды.

"Білуі керек: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексін, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңдарын, денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, емдеу-диагностикалық ұйымды ұйымдастыру құрылымын, еңбек заңнамасы, еңбекті қорғаудың, қауіпсіздік техникасының, өндірістік санитарияның және өрт қауіпсіздігінің ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар. Бейіні бойынша техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) медициналық білімнің және мамандығы бойынша кем дегенде 3 жыл еңбек өтілінің, мамандығы бойынша маман сертификатының немесе орта білімнен кейінгі ("Мейірбике ісі" мамандығы бойынша қолданбалы бакалавриат) немесе еңбек өтіліне талап қойылмайтын жоғары медициналық ("Мейірбике ісі", "Емдеу ісі", "Педиатрия", "Жалпы медицина" мамандығы бойынша бакалавриат) және орта біліктілік деңгейінің маман сертификатының болуы.

### **23-кіші бөлімі. Фельдшер\***

Ескерту. 23-кіші бөлімнің тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 22.06.2020 № ҚР ДСМ-70/2020 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. 23-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау министрінің

26.07.2013 № 436 (ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.06.2016 № 500 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Лауазымдық міндеттері. Жедел аурулар мен апатты жағдайлар кезінде емдеу-профилактикалық және санитариялық-профилактикалық, жедел медициналық көмек көрсетуді жүзеге асырады. Участке халқын дербес есепке алады, учаскедегі өз жұмысын жоспарлайды. Науқастарды маман дәрігерлерге көрінуге және кеңес алуға дайындайды. Амбулаторлық қабылдауды жүргізеді және науқастарға үйде қызмет көрсетеді. Аурудың диагностикасын, емін, профилактикасын жүргізеді. Дәрігерге дейінгі көмек көрсетеді, дәрігерге манипуляциялар кезінде көмектеседі, қалыпты босануларды қабылдайды. Ағымдық санитариялық қадағалауды жүзеге асырады, эпидемияға қарсы іс-шараларды ұйымдастырады және жүргізеді. Халық арасында санитарлық-ағарту жұмыстарын, оның ішінде гигиеналық оқыту мен тәрбиелеуді, салауатты өмір салтын насихаттауды жүргізеді. Геморрагиялық синдромды зерттеу әдістерін, бактериологиялық және серологиялық зерттеу техникаларын пайдалана отырып, қанның, асқазан ішіндегісінің, жұлын-ми сұйығының биологиялық материалдарын микроскопиялық және макроскопиялық химиялық зерттеуді және жинауды, бөліндіні зерттеуді, гельминттік-овоскопиялық зерттеуді жүргізеді. Зертханалық жабдық жағдайының дұрыстығын бақылайды. Медициналық есепке алу-есеп беру құжаттамаларын жүргізеді. Медициналық этиканы, ішкі еңбек тәртібі, еңбек қауіпсіздігі мен қорғалуы, өрт қауіпсіздігі ережелерінің және санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларын сақтайды.

Білуі керек: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексін, Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңдарын, денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, жұмыс жасалған материалдарды залалсыздандыру ережелерін, еңбекке жарамсыздықты сараптау негіздерін, санитариялық-эпидемияға қарсы тәртіптің негіздерін, еңбек заңнамасы, еңбекті қорғаудың, қауіпсіздік техникасының, өндірістік санитарияның және өрт қауіпсіздігінің ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

"Емдеу ісі" мамандығы бойынша техникалық және кәсіби (арнайы орта, арнайы кәсіптік) медициналық білім (немесе "Акушериялық іс" және "Емдеу ісі" мамандығы бойынша біліктілікті арттыру, сондай-ақ "Зертханалық диагностика", "Фельдшер-зертханашы", "Гигиена, санитария және эпидемиология", "Санитарлық фельдшер", "Стоматология", "Тіс дәрігері", "Мейіргер ісі"



мамандығы бойынша, аталған қызметке 2003 жылғы 11 ақпанға дейін іске кіріскен адамдар үшін, "Емдеу ісі" мамандығы бойынша біліктілік арттыру), "Емдеу ісі" мамандығы бойынша маман сертификаты немесе "Емдеу ісі", "Педиатрия" мамандығы бойынша жоғары медициналық білім, "Жалпы медицина" мамандығы бойынша бакалавриат және біліктілік деңгейі орта маманның сертификаты.

## **24-кіші бөлімі. Зертханашы**

**Ескерту. 24-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 13.06.2016 № 500 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Лауазымдық міндеттері. Зертханалық зерттеулерді дәрігердің басшылығымен жүргізеді және өзі оларды жүргізу үшін зертханалық құралды, реактивтерді, химиялық ыдыстарды, қоректік орталарды, бояйтын және зарарсыздандыратын ертіндінілерді дайындайды. Зерттеуге келіп түскен биологиялық материалдарды қабылдайды және тіркейді, оның қорабының және мерзімінің қажетті талаптарға сәйкестігін тексереді. Зерттеуге келіп түскен биологиялық материалдың жарамдылығын, ілеспе құжатының дұрыс рәсімделуін тексереді. Құралдарды, қоректік орталарды, реактивтерді, бояйтын және зарарсыздандыратын ертіндінілерді градуस्ताуға арналған стандартты және жұмыс ертінділерін дайындайды. Зертханалық аспап пен ыдыстарды стерилдейді. Зерттеу нәтижелерін дәрігерге береді. Жүргізілетін зерттеуге байланысты әртүрлі есептеу және кестелік жұмыстарды орындайды. Шұғыл жағдайларда дәрігерге дейінгі көмек көрсетеді. Медициналық есепке алу-есеп беру құжаттамаларын жүргізеді. Медициналық этиканы, ішкі еңбек тәртібі, еңбек қауіпсіздігі мен қорғалуы, өрт қауіпсіздігі ережелерінің және санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларын сақтайды.

Білуі керек: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексін, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңдарын, денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, негізгі инфекциялық аурулардың микробиологиялық диагностикасын, санитариялық-микробиологиялық зерттеулердің негізін; жалпы клиникалық, биохимиялық, гематологиялық және цитологиялық зертханалық зерттеу әдістерін, зертханалық құрылғыны қолдана отырып, зертханалық зерттеулерді жүргізу техникасын, зертханалық жабдықты,

бақылау-өлшеу құрылғысын пайдалану ережесін, еңбек заңнамасы, еңбекті қорғаудың, қауіпсіздік техникасының, өндірістік санитарияның және өрт қауіпсіздігінің ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар. "Зертханалық диагностика" мамандығы бойынша (немесе "Гигиена және эпидемиология" мамандығы бойынша орта медициналық білімінің немесе фармацевтикалық білімінің және "Зертханалық диагностика" мамандығы бойынша біліктілікті арттыру) техникалық және кәсіби (арнайы орта, кәсіптік орта) медициналық білімінің немесе "Емдеу ісі", "Педиатрия", "Стоматология" мамандықтары, "Жалпы медицина" мамандығы бойынша бакалавриат мамандықтары бойынша жоғары медициналық білімінің, "Рентген зертханашысы" циклы бойынша біліктілігін арттырудың болуы.

## **25-кіші бөлімі. Санитариялық фельдшер (гигиенист және эпидемиолог, паразитолог дәрігердің көмекшісі, фельдшер-зертханашы, зертханашы)**

**Ескерту. 25-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 13.06.2016 № 500 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Лауазымдық міндеттері. Санитариялық эпидемияға қарсы (профилактикалық) шараларды жүргізеді. Материалдарды жинау мен өңдеуге қатысады. Халық арасында санитариялық-ағарту жұмыстарын, оның ішінде гигиеналық оқыту мен тәрбиелеуді, салауатты өмір салтын насихаттауды жүргізеді. Зертханалық зерттеулерді жүргізу үшін тамақ өнімдерінен, тауарлардан, бұйымдардан, құрылыс материалдарынан, кең қолданыстағы тауарлардан, токсиндік, радиоактивтік және биологиялық заттардан, ауыз судан, ағынды сулардан, топырақтардан сынаулар ала отырып, объектілер мен эпидемия көздеріне санитариялық-эпидемиологиялық, зертханалық және аспаптық зерттеулер жүргізеді. Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалаумен бірге жүретін зертханалық зерттеулер, сынақтарды, өлшеулерді жүргізеді. Жұқпалы және жұқпалы емес аурулардың мәліметтерін тіркейді, есепке алады және статистикалық өңдеуден өткізеді. Зертханалық жабдықтар жағдайының дұрыстығын қадағалайды. Зертханалық зерттеулер мен аспаптық өлшемдерді жүргізу үшін жабдықтарды дайындайды. Медициналық есепке алу-есеп беру құжаттамаларын жүргізеді. Медициналық этиканы, ішкі еңбек тәртібі, еңбек қауіпсіздігі мен қорғалуы, өрт қауіпсіздігі ережелерінің және санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларын сақтайды,

Білуі керек: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы"

Кодекcін, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңдарын, денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, еңбек заңнамасы, еңбекті қорғаудың, қауіпсіздік техникасының, өндірістік санитарияның және өрт қауіпсіздігінің ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар. Санитариялық-эпидемиологиялық бейіндегі техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) медициналық білімнің болуы.

## **26-кіші бөлімі. Учаскелік мейіргер/жалпы практика мейіргері\***

Ескерту. 26-кіші бөлімнің тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 22.06.2020 № ҚР ДСМ-70/2020 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. 26-кіші бөлім жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 19.12.2018 № ҚР ДСМ-43 (алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Лауазымдық міндеттері. Кеңейтілген практика мейіргерінің не болмаса дәрігердің сырттай бақылауымен амбулаториялық қабылдауды жүргізеді және мейіргерлік күтімді жүзеге асырады, науқастың мейіргерлік көмекке (мейіргерлік диагноз) мұқтаждығын бағалайды, тексеру, емдеу, науқасты күту жоспарын құрады, емдеу жағдайының және тиімділігінің динамикасын бағалайды, динамика деректерін ауру тарихына тіркейді, пациенттерді күнделікті қарауды жүргізеді, науқастардың жағдайын бақылайды және деректерді кеңейтілген практика мейіргеріне және/немесе дәрігерге тапсырады. Жалпы практика дәрігеріне және кеңейтілген практика мейіргеріне науқастарды диспансерлеуді және үйде бақылауды ұйымдастыруға байланысты мәселелерде көмектеседі, өз құзыреті шегінде науқасты күтуді емдеу-профилактикалық ұйымдарда және үйде (патронаж) жүзеге асырады. Азаматтарға алғашқы медициналық көмек көрсетеді, оның ішінде төтенше жағдайларда, дәрігерге дейінгі және паллиативтік медициналық көмек көрсетеді. Зертханалық зерттеулер үшін материалдар жинауды, бөлімшедегі дәрілік заттардың жұмсалуды бақылауды жүзеге асырады, дәрілік заттарды есепке алуды, сақтауды, пайдалануды қамтамасыз етеді. Дәрігердің тағайындауларын орындауды қамтамасыз етеді. Дәрігерге диагностикалық және емдік манипуляцияларды жүзеге асыруға көмектеседі. Науқастарға күтім жасауды, организмге дәрілік заттарды енгізуді жүзеге асырады, науқастарды диагностикалық зерттеулерге дайындайды, электрокардиографияға түсіреді. Қарапайым физиотерапиялық процедураларды

орындайды. Жалпы практика дәрігеріне және кеңейтілген практика мейіргеріне аурулардың профилактикасы және салауатты өмір салтына қатысты мәселелерде көмектеседі, науқастар мен оның туыстарының арасында санитариялық-ағарту жұмысын жүргізеді. Медициналық есепке алу-есеп беру құжаттамаларын жүргізеді. Медициналық этиканы, ішкі еңбек тәртібі, өрт қауіпсіздігі, қауіпсіздік және еңбекті қорғау, техникасын және санитариялық-эпидемиологиялық режимін сақтайды.";

Мыналарды: 1995 жылы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясы, 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексі, Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" 2015 жылғы 18 қарашадағы, "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" 1997 жылғы 11 шілдедегі заңдарын, денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді, денсаулық сақтауды ұйымдастырудың негізгі қағидаларын, еңбек заңнамасын, еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі қағидалары мен нормаларын білуі керек.

Біліктілікке қойылатын талаптар: "Мейіргер ісі" (немесе "Емдеу ісі", "Акушерия ісі", "Мейіргер ісі" немесе "Емдеу ісі" мамандығы бойынша маман сертификаты, сондай-ақ "Зертханалық диагностика", "Фельдшер-зертханашы", "Гигиена, санитария және эпидемиология", "Санитарлық фельдшер", "Стоматология", "Тіс дәрігері" мамандығы бойынша аталған қызметке 2003 жылғы 11 ақпанға дейін кіріскендер үшін "Мейіргер ісі" мамандығы бойынша қайта даярлау) мамандығы бойынша техникалық және кәсіби (арнайы орта, арнайы кәсіптік) медициналық білім, "Мейіргер ісі" мамандығы бойынша орта білімнен кейінгі (қолданбалы бакалавриат) білімі немесе "Емдеу ісі", "Педиатрия" мамандығы бойынша жоғары медициналық білім, "Жалпы медицина", "Мейіргер ісі" мамандығы бойынша бакалавриат және біліктілік деңгейі орта маман сертификаты.

## **27-кіші бөлімі. Мейіргер (мамандандырылған)\***

Ескерту. 27-кіші бөлімнің тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 22.06.2020 № ҚР ДСМ-70/2020 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. 27-кіші бөлім жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 19.12.2018 № ҚР ДСМ-43 (алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Лауазымдық міндеттері. Кеңейтілген практика мейіргерінің немесе дәрігердің сырттай бақылауымен мейіргерлік күтімді жүзеге асырады, пациенттің мейіргерлік көмекке мұқтаждығын бағалайды, емдеу жағдайының, тиімділігінің динамикасын бағалайды, пациенттердің жағдайына мониторинг жүргізеді және деректерді кеңейтілген практика мейіргеріне және/немесе дәрігерге тапсырады. Алғашқы медициналық көмек, оның ішінде төтенше жағдайларда дәрігерге дейінгі мамандандырылған, паллиативтік медициналық көмек көрсетеді, зертханалық зерттеулер үшін материалдар жинауды, медициналық аспаптарды, таңу құралдарын және науқастарды күту заттарын стерильдеуді жүзеге асырады. Дәрігер тағайындауларын дұрыс орындауды қамтамасыз етеді. Дәрігерге диагностикалық және емдік манипуляцияларды жүзеге асыруға көмектеседі. Өртүрлі жастағы және өртүрлі патологиясы бар науқастарға күтім жасаудың бүкіл кешенді шараларын, организмге дәрілік заттарды енгізуді жүзеге асырады, науқастарды диагностикалық зерттеулерге, операциялық араласуға дайындайды, электрокардиограмма жасайды. Физиотерапиялық процедураларды орындайды. Дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды алуға арналған талаптарды ресімдейді, олардың пайдаланылуы мен сақталуын бақылайды. Медициналық есепке алу-есеп беру құжаттамаларын жүргізеді. Операциядан кейінгі кезеңде науқастарға арнайы күтім жасауды жүзеге асырады. Жараларды таңу және күту жұмыстарын орындайды. Дәрігерге және кеңейтілген практика мейіргеріне аурулардың профилактикасына және салауатты өмір салтына қатысты мәселелерде көмектеседі, халыққа салауатты өмір салтын насихаттайды және санитариялық-гигиеналық тәрбиелеу жұмысын жүргізеді. Медициналық этиканы, бекітілген жұмыс кестесін, ішкі еңбек тәртібін, өрт қауіпсіздігі қағидаларын және санитариялық-эпидемиологиялық режимін сақтайды.

Мыналарды: 1995 жылы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясы, 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының " Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексі, Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" 2015 жылғы 18 қарашадағы, "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" 1997 жылғы 11 шілдедегі заңдарын, денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді, денсаулық сақтауды ұйымдастырудың негізгі қағидаларын, еңбек заңнамасын, еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі қағидалары мен нормаларын білуі керек.

Біліктілікке қойылатын талаптар: "Мейіргер ісі" (немесе "Емдеу ісі", " Акушерия ісі", тиісінше мамандығы бойынша маман сертификаты, сондай-ақ " Зертханалық диагностика", "Фельдшер-зертханашы", "Гигиена, санитария және эпидемиология", "Санитарлық фельдшер", "Стоматология", "Тіс дәрігері" мамандығы бойынша аталған қызметке 2003 жылғы 11 ақпанға дейін кіріскендер

үшін "Мейіргер ісі" мамандығы бойынша қайта даярлау) мамандығы бойынша техникалық және кәсіби (арнайы орта, арнайы кәсіптік) медициналық білім, "Мейіргер ісі" мамандығы бойынша орта білімнен кейінгі (қолданбалы бакалавриат) білімі немесе "Емдеу ісі", "Педиатрия" мамандығы бойынша жоғары медициналық білім, "Жалпы медицина", "Мейіргер ісі" мамандығы бойынша бакалавриат және біліктілік деңгейі орта маман сертификаты.

## **28-кіші бөлімі. Рентген зертханашысы**

**Ескерту. 28-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 13.06.2016 № 500 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Лауазымдық міндеттері. Дәрігердің жетекшілігімен рентгенологиялық зерттеулер жүргізеді және оларды жүргізу үшін рентгенологиялық аппараттарды, реактивтерді, рентген таспаларын өз бетімен дайындайды. Пациенттерді тексерудің контрастылы әдісіне даярлайды. Қосалқы құжаттамалардың рәсімделуінің дұрыстығын жүзеге асырады. Рентгендік тексеріс барысында жатқызуды (қарапайым, күрделі) жүргізеді. Рентгенограмманы өндіреді, айқындайды, жуады, бекітеді, белгілейді, кептіреді. Шұғыл жағдайларда дәрігерге дейінгі көмекті көрсетеді. Есепке алу-есептік медициналық құжаттаманы жүргізеді. Медициналық этиканы, ішкі еңбек тәртібі, радиациялық қауіпсіздік, еңбек қауіпсіздігі мен қорғалуы, өрт қауіпсіздігі ережелерінің және санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларын сақтайды.

Білуі тиіс: Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын, денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, рентгендік сәулелердің биологиялық әрекетін және дозиметрия әдістерін, медперсонал мен пациенттерді қорғау ұстанымдарын; фотозертханалық үрдісті, рентген техникасын, рентген аппараттарымен жұмыс істеу ұстанымдарын; барлық органдар мен жүйелердің рентген-зерттеулерінің, әсіресе педиатрия, стоматологиядағы рентген-зерттеулерін жүргізудің ұстанымдарын, әсіресе, ережелері мен әдістерін; жаңа сандық рентген аппараттарының жұмыс принциптерін, компьютерлік томография және магниттік-ядролық резонанстың, ангиографияның ұстанымдарын; флюорографияның және электрорентгенографияның ұстанымдарын, еңбек заңнамасы, еңбекті қорғаудың, қауіпсіздік техникасының, өндірістік санитарияның және өрт қауіпсіздігінің ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар. "Мейіргер ісі" (немесе "Емдеу ісі", "Акушерия ісі", "Стоматология" және "рентген-зертханашысы" циклы бойынша "Мейіргер ісі" мамандығымен біліктілікті арттыру) мамандығы бойынша техникалық және кәсіби (арнайы орта, кәсіптік орта) медициналық білімінің немесе "Емдеу ісі", "Педиатрия" мамандықтары, "Жалпы медицина", мамандығы бойынша бакалавриат мамандықтары бойынша жоғары медициналық білімінің, "Зертханалық диагностика" мамандығы бойынша біліктілігін арттырудың болуы.

## **29-кіші бөлімі. Акушер\***

Ескерту. 29-кіші бөлімнің тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 22.06.2020 № ҚР ДСМ-70/2020 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. 29-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 13.06.2016 № 500 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Лауазымдық міндеттері. Амбулаторлық қабылдау жүргізеді, медициналық құжаттаманы толтырады және рәсімдейді. Тексеру жүргізеді, жүктілік мерзімін қояды, жүктілікті анықтайды, оны қауіп топтары бойынша саралайды. Жүкті әйелдер мен гинекологиялық науқастарға дәрігерге дейінгі медициналық, шұғыл акушериялық және гинекологиялық, жаңа туған нәрестеге шұғыл дәрігерге дейінгі көмек көрсетеді. Жүкті және үйде босанып қалған әйелдерге диспансерлеу және патронаж, әйелдерді профилактикалық тексеру және әйелдер мен балалардың денсаулығын қорғау жөніндегі санитариялық-ағарту жұмыстарын жүргізеді. Босануларды қабылдайды, жаңа туған нәрестені тазалайды. Жаңа туған нәрестенің алғашқы жылындағы денсаулығы мен дамуының жағдайын бақылайды. Шағын акушерлік және гинекологиялық операциялар кезінде көмек көрсетеді. Әйелдің репродуктивтік денсаулығын қорғау жөніндегі жұмыстарды, төспен тамақтандырудың профилактикасын жүргізеді. Патологиялық ағымды босану мен босанудан кейінгі кезең жағдайының ауырлығын бағалайды. Ем тағайындайды және жасайды медициналық манипуляцияларды орындайды. Жедел аурулар мен апатты жағдайлар кезінде кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсетеді. Зәрді ақуызға талдау, қан тобын, резус-факторды, гемоглобин мен эритроциттердің тұну жылдамдығын анықтауға арналған зерттеулерді, салауатты өмір салтын насихаттау бойынша профилактикалық және санитариялық-ағарту жұмыстарын жүргізеді, отбасын жоспарлау бойынша кеңестер береді. Жатыр ішілік контрацептивасы бар әйелдерге диспансерлік бақылауды қамтамасыз етеді. Медициналық есепке алу-есеп беру құжаттамаларын жүргізеді. Медициналық

этиканы, ішкі еңбек тәртібі, еңбек қауіпсіздігі мен қорғалуы, өрт қауіпсіздігі ережелерінің және санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларын сақтайды.

Білуі керек: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексін, Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңдарын, денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, босану ағымдарын және олардың нұсқаларын, асқынған кездегі жүктілікті емдеуді, асептика және антисептика ережелерін, босандыратын мекемелердің санитариялық-эпидемияға қарсы тәртібін, ана мен бала денсаулығын қорғаудың негізгі принциптерін, жүктілерді және гинекологиялық науқастарды диспансерлік бақылау әдістерін, еңбек заңнамасы, еңбекті қорғаудың, қауіпсіздік техникасының, өндірістік санитарияның және өрт қауіпсіздігінің ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар. "Акушерия ісі" мамандығы бойынша немесе "Емдеу ісі" мамандығы бойынша техникалық және кәсіби (арнайы орта, кәсіптік орта) медициналық білімінің және "Акушерия ісі" мамандығы бойынша біліктілікті арттыру, "Акушерия ісі" мамандығы бойынша маман сертификатының немесе "Емдеу ісі", "Педиатрия" мамандықтары бойынша жоғары медициналық білімінің, орта біліктілік деңгейінің маман сертификатының болуы.

### **30-кіші бөлімі. Емдәм мейірбикесі**

**Ескерту. 30-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 13.06.2016 № 500 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Лауазымдық міндеттері. Денсаулық сақтау ұйымдарында дұрыс емдік тамақтануды қамтамасыз етеді, күнделікті мәзірді, тағамдар картотекасын, мәзір-жайып салуды жасайды, емдік тағамды дайындау кезінде нұсқаулықтың сақталуын, науқастарға тамақты босатудың тәртібін, әкелінетін азық-түліктерді қабылдауды бақылайды. Рационның химиялық құрамы мен нәрлілігіне жүйелі түрде бақылау жасап отырады, тамақтарды зертханалық зерттеулерге жібереді, дайындалған тамақтың сапасына жауап береді. Тағамдық блоктағы санитариялық нормалардың сақталуын қамтамасыз етеді. Есепке алу-есеп беру құжаттамаларын жүргізеді. Бағынуындағы орта және кіші медициналық персоналдың еңбегін ұйымдастырады. Қызметкерлердің жүйелі түрде медициналық тексеруден өтуін бақылайды, тағамдық блоктағы техникалық және қызмет көрсетуші қызметкерлер арасында техникалық минимумның өткізілуін



ұйымдастырады. Медициналық этиканы, ішкі еңбек тәртібі, еңбек қауіпсіздігі мен қорғалуы, өрт қауіпсіздігі ережелерінің және санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларын сақтайды.

Білуі керек: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексін, Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңдарын, денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, емдік тамақтанудың негізгі принциптері мен ұйымдастырудың жалпы мәселелерін, диетологияның негізін, тамақ дайындау технологиясын, еңбек заңнамасы, еңбекті қорғаудың, қауіпсіздік техникасының, өндірістік санитарияның және өрт қауіпсіздігінің ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар. "Мейірбике ісі", "Емдеу ісі", "Акушериялық іс", "Гигиена және эпидемиология" мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) медициналық білімнің, сәйкесті мамандық бойынша біліктілікті арттырудың немесе жоғары медициналық (мейірбикелік) білімінің болуы.

### **31-кіші бөлімі. Нұсқаушы-дезинфектор**

**Ескерту. 31-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 13.06.2016 № 500 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Лауазымдық міндеттері. Залалсыздандыру шараларын жүргізу бойынша жұмыстарды жүзеге асырады және орындайды, оның жеке заттарға дезинсекция, залалсыздандыру және дератизация жүргізу көлемін, әдістері мен құралдарын анықтайды. Залалсыздандыру бригадасына жетекшілік етеді және қорытынды және профилактикалық залалсыздандыру жүргізуге қатысады. Залалсыздандыру ерітінділерін дайындауды, қолдануды, жабдықтарды мүліктерді қолдануды, жүргізілген залалсыздандырудың сапасын, залалсыздандырушылардың жеке және қоғамдық қауіпсіздік ережелерінің сақталуын бақылайды. Залалсыздандыру, дератизациялық және дезинсекциялық жұмыстарды орындау кезінде әдістеменің сақталуын бақылайды. Залалсыздандыру жұмысын жүргізу құжатын рәсімдейді. Медициналық этиканы, ішкі еңбек тәртібі, еңбек қауіпсіздігі мен қорғалуы өрт қауіпсіздігі ережелерінің және санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларын сақтайды.

Білуі керек: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексін, Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңдарын, денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, залалсыздандыру жабдығын пайдалану ережесін, жеке қорғану заттарын қолдану және улану кезіндегі алғашқы көмек көрсету ережелерін, залалсыздандырғыш дәрілердің номенклатурасы мен шығыстық нормаларын, оларды сақтау және тасымалдау жағдайларын, еңбек заңнамасы, еңбекті қорғаудың, қауіпсіздік техникасының, өндірістік санитарияның және өрт қауіпсіздігінің ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар. Санитариялық-эпидемиологиялық бейіндегі техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) медициналық білімнің, сәйкесті бейін бойынша біліктілікті арттырудың болуы.

### **32-кіші бөлімі. Оптик және оптикометрист**

**Ескерту. 32-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 13.06.2016 № 500 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Лауазымдық міндеттері. Заманауи офтольмологиялық-диагностикалық жабдықтарды пайдалана отырып науқастардың көру қызметін зерттеуді жүзеге асырады: көру өткірлігін, периметриясын, рефрактометриясын офтольмометриясын, биомикроскопиясын, тонометриясын тексеруді жүргізеді. Биноккулярлық көруді зерттейді, аметропияның түрі мен дәрежесін астигматизмнің болуын анықтайды. Көру мүшесі ауруларының негізгі белгілерін диагностикалайды. Көруді түзету құралдарын таңдайды. Оларды күтуге арналған жеке ұсыныстар береді. Жедел аурулар және көру мүшесінің зақымдалуы (соның ішінде көз конъюнктивасының беткейіндегі бөгде денелерді алу) кезінде кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсетеді. Қаралушы тұлғалар арасынан офтальмолог-дәрігердің көру қызметін күрделі түзетуіне және емдеуіне мұқтаждарын анықтайды, оларды дәрігер-офтальмологқа жібереді. Көзілдіріктік оптика бұйымдарына өтінімді анықтауға қатысады. Есепке алу-есептік құжаттаманы жүргізеді. Халық арасында гигиеналық тәрбиелеу мен салауатты өмір салтын насихаттауға белсенді қатысады. Медициналық этиканы, ішкі еңбек тәртібі, еңбек қауіпсіздігі мен қорғалуы, өрт қауіпсіздігі ережелерінің және санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларын сақтайды.

Білуі керек: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексін, Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңдарын, денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, геометриялық оптиканың негізгі түсінігі мен заңдарын, көру органы ауруларының себептерін, негізгі белгілерін

және диагностикалау әдістерін, шұғыл жағдайда дәрігерге дейінгі көмек көрсетудің негізгі әдістерін, көру қызметін түзететін заманауи материалдарды, еңбек заңнамасы, еңбекті қорғаудың, қауіпсіздік техникасының, өндірістік санитарияның және өрт қауіпсіздігінің ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар. "Медициналық оптика" мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) медициналық білімнің болуы.

### **33-кіші бөлімі. Тіс дәрігері (дантист)**

**Ескерту. 33-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 13.06.2016 № 500 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Лауазымдық міндеттері. Атқаратын лауазым бейініне сәйкес тіс, ауыз қуысы және жақ-бет аймағының аурулары мен зақымдануларын диагностикалау мен емдеуді жүзеге асырады. Тіс аурулары мен зақымдануларының профилактика, балалар мен ересектер ауыз қуысы санациясы бойынша жұмыстарды жүргізеді. Қажетті есеп беру-есепке алу құжаттамасын жүргізеді. Медициналық этиканы, ішкі еңбек тәртібі, еңбек қауіпсіздігі мен қорғалуы, өрт қауіпсіздігі ережелерінің және санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларын сақтайды.

Білуі керек: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексін, Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңдарын, денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, шұғыл жағдайлар кезінде алғашқы медициналық көмек көрсету әдістерін, тіс протездеу түрлері мен әдістерін, протездік материалмен жұмыс істеу ерекшеліктерін, дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сақтау ережелерін, еңбек заңнамасы, еңбекті қорғаудың, қауіпсіздік техникасының, өндірістік санитарияның және өрт қауіпсіздігінің ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар. "Стоматология" мамандығы бойынша ("дантист" және "тіс дәрігері" біліктіліктері) техникалық және кәсіби (арнайы орта, кәсіптік орта) медициналық білімінің, "Стоматология" мамандығы бойынша маман сертификатының немесе "Стоматология" мамандығы бойынша жоғары медициналық білімінің болуы.

### **34-кіші бөлімі. Стоматолог-дәрігердің көмекшісі (стоматологтың ассистенті)**

Ескерту. 34-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 13.06.2016 № 500 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Лауазымдық міндеттері. Стоматологиялық аурулар кезінде халыққа консультативтік-диагностикалық көмек беруді, пациенттің стоматологиялық статусын тіркеуді, жақ-бет аймағындағы жедел аурулар кезіндегі дәрігерге дейінгі шұғыл көмекті, стоматологиялық мекемелердегі санитарлық-гигиеналық және санитарлық-эпидемиологиялық тәртіптің сақталуын жүзеге асырады. Пациенттердің ауыз қуысының гигиеналық жағдайын анықтайды және оларға тіс тазалаудың әдістерін үйретеді, балалар мен үлкендерге арналған гигиеналық құралдарды таңдау бойынша, ортодонтикалық және ортопедиялық түзілістердің күтімі жөнінде жекелеген ұсынымдар береді. Есепке алу-есептік медициналық құжаттамаларын жүргізеді. Тіс, ауыз қуысы мен жақ-бет аймағы мүшелерінің аурулары мен зақымдануларын емдеу кезінде дәрігер-стоматологқа көмек беруді жүзеге асырады. Медициналық этиканы, ішкі еңбек тәртібінің, еңбек қауіпсіздігі мен қорғалуы, өрт қауіпсіздігі ережелерінің және санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларын сақтайды.

Білуі тиіс: Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын, денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, халықты диспансерлеу принциптерін, тісжегі және пародонт ауруларының жиілігін тіркеудің индекстерін, ауыз қуысының гигиеналық жағдайын, ауыз қуысының жеке және кәсіби гигиенасының әдістері мен құралдарын, халықты стоматологиялық ағартудың әдістерін, тіс, ауыз қуысы мен жақ-бет аймағы мүшелерінің аурулары мен зақымдануларын диагностикалаудың, емдеудің заманауи әдістерін, аспаптарды зарарсыздандыру тәсілдерін, стоматологиялық көмекті ұйымдастыру негіздерін, тісті протездеудің түрлері мен әдістерін және тіске арналған техникалық материалдармен жұмыс істеу ерекшеліктерін, еңбек заңнамасы, еңбекті қорғаудың, қауіпсіздік техникасының, өндірістік санитарияның және өрт қауіпсіздігінің ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар. "Стоматология" мамандығы бойынша ("дәрігер-стоматологтың көмекшісі", "стоматологиялық гигиенист", "дантист" біліктіліктері) техникалық және кәсіби (арнайы орта, кәсіптік орта) медициналық білімінің, мамандық бойынша маман сертификатының немесе "Стоматология" мамандығы бойынша жоғары медициналық білімінің болуы.

### **35-кіші бөлімі. Стоматологиялық гигиенист**

Ескерту. 35-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 13.06.2016 № 500 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Лауазымдық міндеттері. Тістің тісжегі ауруларын, пародонт ауруларын, кариозды емес зақымдануларды, кілегейлі қабық ауруларын диагностикалауды және пациенттің стоматологиялық статусын тіркеуді жүзеге асырады. Пациенттердің ауыз қуысының гигиеналық жағдайын анықтайды және оларға тіс тазалаудың әдістерін үйретеді, балалар мен үлкендерге арналған гигиеналық құралдарды таңдау бойынша, ортодонтикалық және ортопедиялық түзілістердің күтімі жөнінде жекелеген ұсынымдар береді. Профилактикалық емшараларды (тіске фторлак және фторгель жағу, реминералдаушы ерітінділермен шаю және аппликация, тіс фиссураларын герметизациялау, қызылиек үстіндегі және астындағы тіс шөгінділерін алу, пародонталдық аппликация) және халықтың стоматологиялық денсаулығын сақтауға және ауыз қуысын ұтымды күтудің дағдыларын қалыптастыруға бағытталған гигиеналық іс-шараларды жүзеге асырады. Стоматологиялық аурулардың жеке профилактикалық бағдарламасын түзеді және жүзеге асырады. Ұйымдасқан балалар ұжымдары балаларының негізгі стоматологиялық ауруларының профилактикасын, тұрғындардың түрлі жастық топтарының, медициналық персоналдың, мектепке дейінгі балалар мекемелері тәрбиешілерінің, мұғалімдердің, ата-аналардың арасында стоматологиялық ағарту жұмыстарын, стоматологиялық аурулардың профилактикасы мәселелері бойынша тұрғындардан сауалнама өткізеді. Тіркеу-есептік медициналық құжаттамаларын жүргізеді. Тіс, ауыз қуысы мен жақ-бет аймағы аурулары мен зақымдануларын диагностикалау және емдеуде дәрігер-стоматологқа көмек беруді жүзеге асырады. Медициналық этиканы, ішкі еңбек тәртібінің, еңбек қауіпсіздігі мен қорғалуы, өрт қауіпсіздігі ережелерінің және санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларын сақтайды.

Білуі тиіс: Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын, денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, халықты диспансерлеу принциптерін, тісжегі және пародонт ауруларының жиілігін тіркеудің индекстерін, ауыз қуысының гигиеналық жағдайын, ауыз қуысының жеке және кәсіби гигиенасының әдістері мен құралдарын, халықты стоматологиялық ағартудың әдістерін, тіс, ауыз қуысы мен жақ-бет аймағы аурулары мен зақымдануларын диагностикалаудың, емдеудің заманауи әдістерін, аспаптарды зарарсыздандыру тәсілдерін, стоматологиялық көмекті ұйымдастыру негіздерін,

тісті протездеудің түрлері мен әдістерін және протездеу материалдарымен жұмыс істеудегі ерекшеліктерді, еңбек заңнамасы, еңбекті қорғаудың, қауіпсіздік техникасының, өндірістік санитарияның және өрт қауіпсіздігінің ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар. "Стоматология" мамандығы бойынша ("дәрігер-стоматологтың көмекшісі", "стоматологиялық гигиенист", "дантист" біліктіліктері) техникалық және кәсіби (арнайы орта, кәсіптік орта) медициналық білімінің, мамандық бойынша маман сертификатының немесе "Стоматология" мамандығы бойынша жоғары медициналық білімінің болуы.

### **36-кіші бөлімі. Тіс технигі (тіс протездеу бөлімінің, кабинетінің зертханашысы)**

**Ескерту. 36-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 13.06.2016 № 500 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Лауазымдық міндеттері. Тіс протездерін, жасанды сауыттарды, сонымен бірге металлокерамикалық, штифтовтық тістердің қарапайым конструкцияларын, көпір тәрізді, бюгелдік және алынбалы пластинкалық протездерді, ортодонтикалық жақ-беттік конструкцияларды дайындайды. Әртүрлі материалдардан жұмыс үлгісінің таңбасын түсіреді және жасайды. Бөлшектерді, протездерді және құрылғыларды дәнекерлеуді, қорытуды, күйдіруді, ағартуды, жылтыратуды, өңдеуді жүргізеді. Бөлімшені (кабинетті) медициналық аспаптармен, медикаменттермен және материалдармен жүйелі түрде толықтырады, бөлімшедегі дүниелер мен медициналық мүліктердің сақталуын және жабдықтардың уақытында жөнделуін, күшті әсер етуші, улы, наркотикалық және психотроптық дәрілік заттарды есепке алудың және сақтаудың дұрыстығын қамтамасыз етеді. Асептика және антисептика ережелерін орындауды және стоматолог-дәрігердің тапсырмаларын толық орындауды, тіс протездеуге арналған жұмыстарды орындауды қамтамасыз етеді. Медициналық есепке алу-есеп беру құжаттамаларын жүргізеді. Медициналық этиканы, ішкі еңбек тәртібі, еңбек қауіпсіздігі мен қорғалуы, өрт қауіпсіздігі ережелерінің және санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларын сақтайды.

Білуі керек: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексін, Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңдарын, денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, медициналық стоматологиялық көмектің негіздерін, тіс техникалық зертхана өндірісін ұйымдастыруды, тіс

протездеу техникасында қолданылатын негізгі материалдарды, еңбек заңнамасы, еңбекті қорғаудың, қауіпсіздік техникасының, өндірістік санитарияның және өрт қауіпсіздігінің ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар. "Ортопедиялық стоматология" және "Стоматология" мамандығы бойынша техникалық және кәсіби (арнайы орта, кәсіптік орта) медициналық білімінің, "дантист" біліктілігінің және "Ортопедиялық стоматология" мамандығы бойынша біліктілікті арттыруды немесе "Стоматология" мамандығы бойынша жоғары медициналық білімінің, "Тіс технигі" циклы бойынша біліктілігін арттырудың болуы.

### **37-кіші бөлімі. Емдік дене шынықтыру жөніндегі нұсқаушы**

**Ескерту. 37-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 13.06.2016 № 500 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Лауазымдық міндеттері. Емдік дене шынықтыру сабақтарын жүргізуге арналған үй-жайды, жаттығу заттары мен снарядтарын дайындайды. Науқастардың жағдайын сабаққа дейін және сабақтан кейін бақылайды. Сабақты науқастармен бірге хауыздарда және механотерапиялық құрылғыларда жүргізеді. Дәрігердің тағайындауы бойынша емдік массаждың жекелеген түрлерін жүргізеді. Емдік дене шынықтыру дәрігерімен бірге емдік жаттығу схемалары мен дене шынықтыру кешендерін әзірлейді. Жеке және топтық емдеу және гигиеналық жаттығу сабақтарын жүргізуді жүзеге асырады, дене жүктемесі мен қызметтік сынау, адамның дене дамуын, физикалық жұмысқа қабілеттілігін, емдік дене шынықтырумен айналысу кезіндегі сыртқы тыныс алу, жүрек-қантамыр, жүйке-бұлшық ет аппараты қызметін бағалауды жүргізеді. Емдік дене шынықтырудың топтық және жеке сабақтарына арналған залдардың жұмысын ұйымдастыруға қойылатын санитариялық-гигиеналық талаптарды сақтауды қамтамасыз етеді. Шұғыл жағдайларда дәрігерге дейінгі көмек көрсетеді. Медициналық есепке алу-есеп беру құжаттамаларын жүргізеді. Медициналық этиканы, ішкі еңбек тәртібі, еңбек қауіпсіздігі мен қорғалуы, өрт қауіпсіздігі ережелерінің және санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларын сақтайды.

Білуі керек: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексін, Қазақстан Республикасының "Дене шынықтыру және спорт туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңдарын, денсаулық сақтау, дене шынықтыру мен спорт саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, организмнің анатомиясының

физиологиясының және патафизиологиясының негізін; жастық физиологияны, әртүрлі аурулары бар науқастар үшін емдік дене шынықтыру сабағын өткізу әдістемесін, емдік дене шынықтыру сабағын өткізуге көрсетімдер мен қарсы көрсетімдерді, емдік массажды жүргізу негізін, массаждың түрі мен типтерін сабақ жүргізу кезіндегі жеке гигиена ережелерін, санитариялық-гигиеналық нормаларды, емдік дене шынықтыруды жүргізу кезіндегі мүмкін болатын асқынуларды, олардың алдын-алу және жою шараларын, еңбек туралы заңнамаларды, еңбек заңнамасы, еңбекті қорғаудың, қауіпсіздік техникасының, өндірістік санитарияның және өрт қауіпсіздігінің ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар. Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) (медициналық, дене шынықтыру) білімнің, сәйкесті мамандық бойынша біліктілікті арттырудың болуы.

#### **4-параграф. Басқа қызметкерлер**

#### **38-кіші бөлімі. Медициналық тіркеуші**

Ескерту. 38-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 13.06.2016 № 500 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.12.2018 № ҚР ДСМ-43 (алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Лауазымдық міндеттері. Емдеу ұйымына медициналық көмек үшін қаралған науқасты тіркеуді жүргізеді. Медициналық карталарды сақтауды және емханадағы дәрігер кабинетіне немесе стационардың бөлімшесіне жеткізуді қамтамасыз етеді. Ай сайын ұйымның медициналық статистигіне есеп береді. Медициналық этиканы, ішкі еңбек тәртібі, еңбек қауіпсіздігі мен қорғалуы, өрт қауіпсіздігі ережелерінің және санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларын сақтайды.

Білуі керек: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексін, Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңдарын, денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, емдеу-профилактикалық ұйымдардағы статистикалық есепке алуды ұйымдастыруды, біріншілікті құжаттамалармен жұмыс істеу ережелерін, еңбек заңнамасы, еңбекті қорғаудың, қауіпсіздік техникасының, өндірістік санитариялық және өрт қауіпсіздігінің ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар. Техникалық және кәсіби (арнаулы орта, кәсіби орта) медициналық білімі немесе жалпы орта білімі және жұмыс өтіліне



талаптарды қоюсыз кемінде 3 ай жеке оқыту немесе білім беру ұйымы базасында қысқа мерзімді оқыту.

### **39-кіші бөлім. Кіші мейіргер**

**Ескерту.39-кіші бөлім жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 19.12.2018 № ҚР ДСМ-43 (алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Лауазымдық міндеттері. Өз міндеттерін мейіргердің басшылығымен атқарады . Науқастарға емдеу-профилактикалық ұйымында және үйінде базалық күтімді жүзеге асырады, оның ішінде жеке гигиенасын, ішкі киімді, төсек-орын тысын ауыстыруды, өзіне күтім көрсету мүмкіндігі шектеулі науқастарды тамақтандыруды қамтамасыз етеді, науқастың жағдайын бақылайды және бағалайды. Жалпы практика мейіргеріне науқасқа мейіргерлік күтім көрсету бойынша шараларды жүзеге асыруға көмектеседі. Пациенттерді тасымалдауды, алып жүруді және орнын ауыстыруды қамтамасыз етеді. Аспаптарды, таңу құралдарын және науқастарды күту заттарын стерильдеуді жүзеге асырады, дезинфекциялау шараларын жүзеге асырады. Антропометриялық өлшеулерді жүзеге асырады және пациенттердің деректерін тіркейді. Медициналық есепке алу-есеп беру құжаттамаларын жүргізеді. Науқастардың, үй-жайдың тазалығын қамтамасыз етеді. Науқастарды күту заттарының дұрыс пайдаланылуы мен сақталуын бақылайды. Медициналық этиканы, ішкі еңбек тәртібін, өрт қауіпсіздігі қағидаларын және санитарлық-эпидемиологиялық режимді сақтайды.

Мыналарды: 1995 жылы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясы, 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының " Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексі, Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" 2015 жылғы 18 қарашадағы, "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" 1997 жылғы 11 шілдедегі заңдарын, денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді, денсаулық сақтауды ұйымдастырудың негізгі қағидаларын, еңбек заңнамасын, еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі қағидалары мен нормаларын білуі керек.

Біліктілікке қойылатын талаптар. "Мейіргер ісі" мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) медициналық білімнің немесе жұмыс өтіліне талаптар қоймай жалпы орта білімнің және "Мейіргер ісі" мамандығы бойынша кемінде 10 ай қысқа мерзімді оқыту немесе білім беру ұйымы базасында негізгі орта білімнің және кемінде 1 жыл және 10 ай қысқа мерзімді оқытудың болуы.

## **40-кіші бөлімі. Денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік қызметкер**

**Ескерту. 40-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 13.06.2016 № 500 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Лауазымдық міндеттері. Өз қызметін денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік жұмыс жөніндегі маманның жетекшілігімен жүзеге асырады. Науқасқа емдеу-профилактикалық ұйымда және үйде күтімді жүзеге асырады, науқастың жағдайын бақылайды. Әлеуметтік қызмет жөніндегі есепке алу-есеп беру құжаттамаларын жүргізеді. Науқасты медициналық және психологиялық емдеуге ықпал етеді. Егер ауруханаға орналастырылған болса, науқастың жаңа орта жағдайына немесе асқынулар дамып, аурудың белгілері күшейгендегі жаңа жағдайға бейімделуіне көмектеседі. Науқасты әлеуметтік қолдау (сұрауларды, заңдық құжаттарды рәсімдеу, медициналық-әлеуметтік сараптамаға, қарттар үйіне және мүгедектікке жолдаманы рәсімдеуге қатысу немесе көмектесу) мәселелерін шешеді; науқастың өтініші бойынша діни мұқтаждықтарын жөнелтуді ұйымдастырады; туыстарының өтініші бойынша қазалы жоралғылық рәсімдерді ұйымдастырады. Есепке алу-есеп беру құжаттамаларын жүргізеді. Медициналық этиканы, ішкі еңбек тәртібі, еңбек қауіпсіздігі мен қорғалуы, өрт қауіпсіздігі ережелерінің және санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларын сақтайды.

Білуі керек: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексіні, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіні, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы", "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңдарын, әлеуметтік қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, жалғызбасты еңбекке жарамсыз азаматтар мен мүмкіндігі шектеулі балаларға әлеуметтік-тұрмыстық қызмет көрсетуді ұйымдастырудың негізгі принциптерін, қарт адамдардың физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерін, денсаулық сақтау жүйесін, коммуналдық-тұрмыстық қызмет көрсетуді ұйымдастыруды, дәрігерге дейінгі шұғыл көмек көрсету жолдарын, еңбек заңнамасы, еңбекті қорғаудың, қауіпсіздік техникасының, өндірістік санитарияның және өрт қауіпсіздігінің ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар. Техникалық және кәсіптік (әлеуметтік, медициналық, психологиялық, педагогикалық) білімнің, бейіні бойынша біліктілікті арттырудың болуы.

## 41-кіші бөлім. Санитар

Ескерту. 4-параграф 41-кіші бөліммен толықтырылды – ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 19.12.2018 № ҚР ДСМ-43 (алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Лауазымдық міндеттері. Санитариялық нормаларға сәйкес үй-жайларды жинауды жүргізеді. Науқастардың күтімін: төсек орындары мен киімдерін алмастыруды, дәрет алу ыдысын беруді және тазалауды жүзеге асырады. Әрбір тамақтанудан соң төсекке таңылған науқастардың кереуеті жанындағы тумбаларды жинастырады. Аға мейірбикеге дәрі-дәрмектерді, аспаптарды, жабдықтарды алу кезінде және бөлімшеге жеткізуге көмектеседі. Шаруашылық мейірбикесінен төсек орындарды, шаруашылық мүліктерін және жуу заттарын алады, дәріханалық ұйымдарда дәріханалық ыдыстарды жууды жүзеге асырады. Медициналық этиканы, ішкі еңбек тәртібін, еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік және қауіпсіздік техникасы ережелерін, санитариялық-эпидемиологиялық режимді сақтайды.

Мыналарды: Санитария мен гигиена ережелерін, жуу заттарының қолданылуын және олармен жұмыс істеу ережелерін, еңбек туралы заңнамалар негізін, еңбек қорғау, техникалық қауіпсіздік, өндірістік санитария және өртке қарсы қауіпсіздік ережелері мен нормаларын білуі керек.

Біліктілікке қойылатын талаптар. Бастауыш немесе жалпы орта білімнің, еңбек өтіліне талап қоймай кемінде 3 ай жеке оқытудың болуы.

## **2. Дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналысы саласындағы объектілер**

### **5-параграф. Басшылардың лауазымдары**

#### **41-кіші бөлімі. Дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналысы саласындағы объектінің басшысы (менеджер)**

Ескерту. 41-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 13.06.2016 № 500 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Лауазымдық міндеттері. Объектінің өндірістік, шаруашылық және қаржы-экономикалық қызметтерін ұйымдастырады. Дәрілік заттар айналысы саласындағы мемлекеттік стандарттардың сақталуын қамтамасыз етеді. Халықты және денсаулық сақтау ұйымын дәрілік қамтамасыз етуді ұйымдастыру саласындағы объектінің тапсырмаларын өз бетінше шешеді. Фармацевтикалық

қызмет объектісінің қызметін, өндірістік көрсеткіштерді талдау негізінде халық пен медициналық ұйымдарды қамтамасыз етуді жақсартуға арналған шараларды жүзеге асырады. Заманауи экономикалық тәсілдерді пайдалана отырып, объектінің қаржы-шаруашылық қызметінің тиімділігін қамтамасыз етеді. Дәрілік заттардың сапасы үшін жауап береді. Объектіні білікті мамандармен қамтамасыз етуге, олардың кәсіптік білімдері мен тәжірибелерін ұтымды пайдалануға және дамытуға, өмір мен денсаулыққа қауіпсіз және қолайлы еңбек жағдайын жасауға арналған шараларды қабылдайды. Объект қызметінде заңдылықтың сақталуын және оның шаруашылық-экономикалық байланыстарының жүзеге асуын қамтамасыз етеді. Есепке алу мен есеп беруді қамтамасыз етеді. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасады, мәміле жасайды. Медициналық этиканы, ішкі еңбек тәртібі, еңбек қауіпсіздігі мен қорғалуы, өрт қауіпсіздігі ережелерінің және санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларын сақтайды.

Білуі керек: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, Қазақстан Республикасының "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексін, Қазақстан Республикасының "Рұқсаттар және хабарламалар туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңдарын, денсаулық сақтау және фармацевтика саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың және медициналық техниканың айналысын, халықты дәрілік заттармен қамтамасыз ету жағдайын сипаттайтын өлшемдер мен көрсеткіштерді, дәрілік заттарды әзірлеу жөніндегі ғылыми жетістік пен халықаралық тәжірибені, дәрілік заттар айналысы саласындағы мемлекеттік стандарттарды, кадрлық және қаржылық менеджменттің негіздерін, басқару еңбегінің ерекшеліктерін, экономика негіздерін, еңбек заңнамасы, еңбекті қорғаудың, қауіпсіздік техникасының, өндірістік санитарияның және өрт қауіпсіздігінің ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар. Жоғары фармацевтикалық білім және мамандығы бойынша кемінде 5 жыл еңбек өтілінің болуы немесе жоғары медициналық немесе экономикалық білімінің, "Менеджмент", "Қоғамдық денсаулық сақтау", "Денсаулық сақтау менеджменті" мамандығы бойынша магистратураның болуы және басшылық лауазымында кемінде 5 жыл еңбек өтілінің болуы.

**42-кіші бөлімі. Дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналысы саласындағы объекті басшысының орынбасары**

Ескерту. 42-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 13.06.2016 № 500 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Лауазымдық міндеттері. Объектінің қызметін бірінші басшының жетекшілігімен жүзеге асырады. Қойма шаруашылығы жұмысын ұйымдастырады, материалдық ресурстар мен дайын өнімдерді сақтауға жағдай жасайды. Фармацевтикалық қызмет объектісінің қызметіне талдау жүргізеді. Халықты дәрілік қамтамасыз етуді жақсартуға арналған шараларды жүзеге асырады. Дәрілік заттардың, материалдардың, жабдықтардың және медициналық техниканың сапасына жауап береді. Ұсынушылар мен тұтынушылардың шаруашылық және қаржылық шарттарды уақытылы жасасуына арналған шараларды қабылдайды. Еңбек жағдайы мен қауіпсіздігін жақсартуға, құрылымы мен штаттарын дұрыстауға, еңбек тәртібін нығайтуға байланысты жұмысты ұйымдастырады. Үй-жайдың жағдайын бақылайды және оларды уақытында жөндеу жөнінде шаралар қабылдайды. Есепке алу-есеп беру құжаттамаларын жүргізеді. Медициналық этиканы, ішкі еңбек тәртібі, еңбек қауіпсіздігі мен қорғалуы, өрт қауіпсіздігі ережелерінің және санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларын сақтайды.

Білуі керек: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, Қазақстан Республикасының "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, Қазақстан Республикасының "Рұқсаттар және хабарламалар туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңдарын, денсаулық сақтау және фармацевтика саласындағы, сондай-ақ фармацевтикалық қызмет объектілерінің қызметін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерді, дәрілік заттар айналысы саласындағы мемлекеттік стандарттарды, дәрілік заттарды әзірлеу жөніндегі ғылыми жетістік пен халықаралық тәжірибені, кадрлық және қаржылық менеджменте негіздерін, экономика негіздерін, еңбек заңнамасы, еңбекті қорғаудың, қауіпсіздік техникасының, өндірістік санитарияның және өрт қауіпсіздігінің ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар. Жоғары фармацевтикалық білімнің, мамандығы бойынша ең кемі 3 жыл еңбек өтілінің болуы.

**43-кіші бөлімі. Дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналысы саласындағы объекті бөлімінің басшысы**

Ескерту. 43-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 13.06.2016 № 500 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Лауазымдық міндеттері. Объектінің құрылымдық бөлімшесін оның міндеттеріне, қызметтеріне және қолданыстағы заңнамаларға сәйкес білікті басқаруды қамтамасыз етеді. Объект қызметінің тәртібін белгілейтін бұйрықтар мен үкімдерді бағыныштылардың орындауын бақылайды. Халықтың дәрілік және медициналық мақсаттағы бұйымдармен қамтамасыз етілуіне талдау жүргізеді, соның негізінде спецификацияларды жасайды. Объектінің халыққа дәрілік көмек, медициналық дәрілер және медициналық мақсаттағы бұйымдарды көрсету жөніндегі қызметін жақсартуға бағытталған шараларды әзірлейді және жүзеге асырады. Дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың отандық және халықаралық нарықтағы конъюнктурасын зерделейді. Құрылымдық бөлімше қызметінің барысында пайда болатын халық пен денсаулық сақтау ұйымдарын дәрілік қамтамасыз ету саласындағы мәселелерді шешеді. Бөлімше жұмысының сапасына жауап береді. Есепке алу-есеп беру құжаттамаларын жүргізеді. Медициналық этиканы, ішкі еңбек тәртібі, еңбек қауіпсіздігі мен қорғалуы, өрт қауіпсіздігі ережелерінің және санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларын сақтайды.

Білуі керек: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексін, Қазақстан Республикасының "Рұқсаттар және хабарламалар туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңдарын, денсаулық сақтау, фармацевтика саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, медициналық мақсаттағы бұйымдармен қамтамасыз ету жағдайын сипаттайтын өлшемдер мен көрсеткіштерді, фармацевтикалық қызмет объектілерінің қызмет ету тәртібі, фармацевтикалық қызмет объектілерінің құрылымдық бөлімшелерінің қызметін бағалау өлшемдерін, логистиканың, маркетингтің және мерчандайзингтің негіздерін, алғашқы медициналық көмек көрсету ережесін, еңбек заңнамасы, еңбекті қорғаудың, қауіпсіздік техникасының, өндірістік санитарияның және өрт қауіпсіздігінің ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар. Жоғары (фармацевтикалық, медициналық, химия-технологиялық, химиялық) білімнің және мамандығы бойынша ең кемі 3 жыл еңбек өтілінің болуы.

**6-параграф. Біліктілік деңгейі жоғары мамандардың лауазымдары**  
**44-кіші бөлімі. Провизор (Фармацевт)**

Ескерту. 44-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 13.06.2016 № 500 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Лауазымдық міндеттері. Рецепттерді қабылдауды, емдеу-профилактикалық ұйым талаптарын, дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды олардың физика-химиялық қасиеттеріне және белгіленген сақтау ережелеріне сәйкес босатуды жүзеге асырады. Дәрілік заттарды дайындайды, дәріханаға келіп түскен және дайындалған дәрілік заттардың сапасын дәріханаішілік бақылау мен фармацевтикалық талдаудың барлық түрлерін қолдана отырып, бақылайды, сот-медициналық химиялық-токсикологиялық сараптама жүргізеді. Дәрігерлер мен халыққа дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдар және оларды қолдану туралы ақпарат береді, оларды қолдану мәселелері бойынша халық арасында санитариялық-ағарту жұмысын жүргізеді. Дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды алуға өтінім беруге және қабылдауға және таратуға қатысады. Есепке алу-есеп беру құжаттамаларын жүргізеді. Медициналық этиканы, ішкі еңбек тәртібі, еңбек қауіпсіздігі мен қорғалуы, өрт қауіпсіздігі ережелерінің және санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларын сақтайды.

Білуі керек: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексін, Қазақстан Республикасының "Рұқсаттар және хабарламалар туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңдарын, денсаулық сақтау, фармацевтика саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, фармацевтикалық істі, дәріханалық қызметтің экономикасы мен ұйымдастырылуын, дәріханаларда дәрілік заттарды дайындау технологиясын, оларды сақтау мен босату ережелерін, дәрілік заттардың және медициналық мақсаттағы бұйымдардың номенклатурасын, дәрігерге дейінгі алғашқы медициналық көмек көрсету ережесін, химиялық және физикалық-химиялық талдау жүргізу әдістерін және дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың маркетингін, еңбек заңнамасы, еңбекті қорғаудың, қауіпсіздік техникасының, өндірістік санитарияның және өрт қауіпсіздігінің ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар. Жоғары фармацевтикалық білімнің болуы.

**45-кіші бөлімі. Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы өндіру жөніндегі инженер-технолог**

Ескерту. 45-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 13.06.2016 № 500 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Лауазымдық міндеттері. Дәрілік заттарды өндірудің технологиялық регламенттерін және техникалық жағдайларын әзірлеуді жүзеге асырады. Өнімді спецификациясына сәйкес босатуды, өндірістің технологиялық үдерісінде қолданылатын қызметтік жабдықтарды бақылайды. Технологияны жаңа дәрілік заттарды әзірлеу және өндіріске шығару үдерісі кезінде, сериялық өндірістегі технологиялық үдерістерді жүргізу кезінде өтеуді қамтамасыз етеді. Өндіріс қалдықтарын жоюға, өндірістен қалған суларды, ауаға шығарылатындарды залалсыздандыру мен тазалауға арналған шараларды әзірлеу мен жүзеге асыру жөніндегі өндірістік нұсқаулықты жасайды. Шикізат пен материалдар шығыстарының техникалық-экономикалық нормативтері мен нормаларын анықтайды. Шикізаттың, жартылай фабрикаттардың, қосымша материалдардың және дайын өнімнің сақталу жағдайларының, санитариялық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалардың сақталуын бақылауды қамтамасыз етеді. Орындалатын жұмыстың сапасын қамтамасыз етеді. Есепке алу-есеп беру құжаттамаларын жүргізеді. Медициналық этиканы, ішкі еңбек тәртібі, еңбек қауіпсіздігі мен қорғалуы, өрт қауіпсіздігі ережелерінің және санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларын сақтайды.

Білуі керек: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексін, Қазақстан Республикасының "Рұқсаттар және хабарламалар туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңдарын, денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, дәрілік заттарды өндіру технологиясын, еңбек заңнамасы, еңбекті қорғаудың, қауіпсіздік техникасының, өндірістік санитарияның және өрт қауіпсіздігінің ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар. Жоғары (фармацевтикалық, инженерлік, технологиялық) білімнің болуы.

## **7-параграф. Біліктілік деңгейі орта мамандардың лауазымдары**

### **46-кіші бөлімі. Фармацевт**

Ескерту. 46-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 13.06.2016 № 500 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Лауазымдық міндеттері. Рецепттерді қабылдауды, емдеу-профилактикалық ұйым талаптарын, дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды,



санитариялық және гигиеналық босатуды жүзеге асырады. Дәріні жеке рецепт бойынша дәріхана жағдайында дайындайды, олардың сапасын дәріханаішілік бақылауды жүзеге асырады. Реактивтерді, титрлік ерітінділерді дайындайды, зертханаларда өлшеу құралдарымен және құрылғыларымен жұмыс істейді. Дәрілік нысандарға экспресс-талдау, дәрілік өсімдік шикізаттарына макроскопиялық және микроскопиялық, тауартанушылық талдау жүргізеді. Науқастарға және қысылтаяң жағдайларда зақымданғандарға дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсетеді. Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың сақтауды және жарамдылық мерзімін бақылауды қамтамасыз етеді. Қажетті жабдықты қолдана отырып, тауарларды қабылдауға, орналастыруға және қаптауға қатысады. Медициналық бұйымдарды қолдану мәселесі бойынша санитариялық-ағарту және ақпараттық жұмыстарды жүргізеді. Есепке алу-есеп беру құжаттамаларын жүргізеді. Медициналық этиканы, ішкі еңбек тәртібі, еңбек қауіпсіздігі мен қорғалуы, өрт қауіпсіздігі ережелерінің және санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларын сақтайды.

Білуі керек: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексін, Қазақстан Республикасының "Рұқсаттар және хабарламалар туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңдарын, денсаулық сақтау, фармацевция саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, фармацевтикалық іс негізін, дәрілік қамтамасыз етуді басқару жүйесінің құрылымын, дәрілік өсімдіктік шикізаттарды дайындау мен сақтаудың негізгі принциптерін, еңбек заңнамасы, еңбекті қорғаудың, қауіпсіздік техникасының, өндірістік санитарияның және өрт қауіпсіздігінің ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар. Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) фармацевтикалық білімнің болуы.

\*Ескертпе:

"Эпидемиологиялық жағдайды және инфекцияның репродуктивтілік көрсеткішін ескере отырып (бір науқасты оқшаулағанға дейін инфициялайтын адамдар саны) ескере отырып – 1,0, сондай-ақ стационарлардың төсек қорының бос болмау пайызы - 50% және одан да көп, карантиндік объектілерде ( инфекциялық, провизорлық, карантиндік стационарлар) медициналық көмек көрсетуге резидент-дәрігерлер, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 24 қарашадағы № 774 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5885 болып тіркелген) бекітілген Медицина және фармацевтика мамандықтарының номенклатурасында көрсетілген өзге мамандық бойынша маманның қолданыстағы сертификаты болған кезде олардың келісімімен медицина қызметкерлері жіберіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК